



АҚОРДА



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – ЦИФРЛЫҚ ДЕРБЕСТІК ТІРЕГІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен жасанды интеллектті дамыту мәселелері жөнінде кеңес өтті.

Кенеске Премьер-Министр Олжас Бектенов, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебай, Үкімет мүшелері, орталық мемлекеттік органдардың жетекшілері қатысты.

Президент қазір дүниежүзінде жасанды интеллекттің қарқынды дамуына байланысты сипаты мүлде жаңа технологиялық өзгерістер болып жатқанын атап өтті.

Бұл технология әлемдегі барлық елдің дамуына тікелей әсер етуде. Қазір онсыз жаһандық бәсекеге төтеп беру мүмкін емес. Озық технологиялар ұлт дербестігінің кепіліне, экономикалық өсімнің қозғаушы күшіне айналууда. Біз жасанды интеллект саласында бірқатар жетістікке қол жеткіздік, бірақ босансуға болмайды. Осы стратегиялық бағытта табамды жұмыс істеуіміз керек. Бұл жұмысқа мен ең маңызды басымдықтың бірі ретінде қараймын. Біріккен Ұлттар Ұйымының Сауда және даму жөніндегі конференциясының (UNCTAD) болжамы бойынша 2033 жылға қарай жасанды интеллект нарығының ауқымы 4,8 триллион долларға жетуі мүмкін. Ал оның ғаламдық технологиялық индустриядағы үлесі 7 пайыздан 29 пайызға дейін артады. Бұл, әрине, теңдесі жоқ өсім болмақ. Жасанды интеллект дамудың жаңа мүмкіндіктеріне кеңінен жол ашады, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, қазір бұл саладағы бәсеке күшейді.

— Биыл шілде айында АҚШ Президенті Дональд Трамптың Әкімшілігі America's AI Action Plan стратегиясын жариялады. Онда жасанды интеллект АҚШ-тың технология, экономика және қорғаныс салаларында көшбасшы ел болып тұруына қажетті аса маңызды құрал ретінде қаралған. Мамандарымыз осы және басқа да құжаттарды мұқият зерделеп, нақты қорытынды жасауы керек. Ал Қытай Жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастықты дамыту жөніндегі жаһандық ұйым құру туралы бастама көтерді. Мақсат — жасанды интеллектті басқаруға арналған көпжақты тәсілдерді ілгерілету, сондай-ақ цифрлық алшақтықты жою, жасанды интеллектті тұрақты қолдану және оны пайдалану этикасын қалыптастыру. Қытайдың мұндай ұйым құру туралы ұсынысын қолдау керек деп ойлаймын. Дайындық іс-шараларына атсалысу қажет. Бұл — еліміздің мүддесі. Қазақстанның негізгі мақсаты — Еуразиядағы цифрлық хабқа айналу. Ол үшін нақты іске көшу керек. Әр мәселеге жүйелі түрде қарап, батыл шешімдер қабылдап, оның орындалуын қатан бақылауға алу қажет. Мен бұған дейін бірыңғай ұлттық цифрлық экожүйе құру ісін тездету туралы айттым. Қажетті инфрақұрылымды дайындап, заннамалық негіз бен мәліметтерді жинау жүйесін әзірлеп, жасанды интеллектті енгізу жұмысын бастауды тапсырдым. Бірақ бұл тапсырмалардың орындалу барысы мәз емес, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жасанды интеллект барлық саланың қозғаушы күші болуға тиіс деп санайды. Оның пікірінше, ЖИ — еліміздің инновациялық дамуының, цифрлық дербестігінің тірегі.

(Жалғасы 2-бетте)



ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК, МЫҢНАН ТҰЛПАР

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада халықаралық пән олимпиадалары жеңімпаздарымен және жүлдегерлерімен кездесті.

Іс-сараға 24 лауреат, атап айтқанда, 4 алтын, 11 күміс және 9 қола медаль иегері шақырылды. Оқушылар химия, математика, физика, география, информатика және биология пәндерінен үздік нәтиже көрсеткен.

Президент жастарды, ең алдымен, білім әлеміндегі жеңістерімен құттықтап, шынайы ризашылығын білдірді. Олардың халықаралық беделді білім сайыстарында топ жарып, Қазақстанның атын әлемге паш етуін зор жетістік ретінде бағалады.

— Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығу, әлемдік жарыста жеңіске жету оңай емес. Білімге деген ұмтылыстың, нағыз еңбекқорлық пен табанды іс-әрекеттің арқасында осындай биікке шығып жатсыздар. Расында, дарынға ие болу, бұл — бақыт. Бірақ жай ғана еңбексіз дарын жетістіктің кепілі бола алмайды. Дарынның көзін ашу керек және оны толығымен пайдалана білу қажет. Әр жеңіс, әр медаль тынымсыз ізденіспен, маңдай термен, үздіксіз дайындықпен келеді, — деді Мемлекет басшысы.

Президент шәкірт қабілетін ұштаған ұлағатты ұстаздар мемлекеттік марапатқа лайық екенін жеткізіп, озық ойлы ұрпақ тәрбиелеген ата-аналарға алғыс айтты. Қазақстанның болашағы жасампаз жастардың қолында екеніне назар аударып, ұлқыздарымыз әрдайым үздіктер қатарынан табылатынын атап өтті.

— Жастарымыз жаһандық спорт және өнер додаларында жеңімпаз атанып, Туымызды көкте желбіретіп жүр. Білім саласындағы беделіміз де артып келе жатыр. Былтырдан бері оқушыларымыз 30-дан астам халықаралық олимпиада мен ғылыми

жарысқа қатысып, мыңға жуық медаль алды. Оның 200-ге жуығы — алтын, 300-ден астамы — күміс, ал 500-ге жуығы — қола медаль. Бұл тамаша көрсеткіш Қазақстандағы білім сапасының деңгейі жоғары екенін көрсетеді. Тағы да қайталап айтамын, біз әлемдік жарыста ел намысын қорғаған әр жеңімпазды мақтан тұтамыз. Сіздерді еліміздің бетке ұстар, лайықты азаматтары деп санаймын. Болашақта да Қазақстанның одан әрі дамуына қомақты үлес қосатындарыңызға көміл сенемін, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жастарға барынша жағдай жасау мемлекеттің басты міндетінің бірі екеніне тоқталды. Бұл бағытта ауқымды іс атқарылып жатыр. Бірақ негізгі жұмыс әлі алда.

— Қазіргі таңда еліміздің әр аймағында заманауи үлгідегі «Келешек мектептері» ашылууда. Мұғалім мәртебесін көтеруге баса мән беріліп жатыр. Ғылым жолына түскен жастарға жан-жақты қолдау көрсетілуде. Бұл ретте «Болашақ» халықаралық стипендиясы тиімді рөл атқаруда. Жоба аясында мыңдаған жас азамат әлемнің озық университеттері мен зерттеу орталықтарында білім алды. Бүгінде олардың көбі елімізді өркендетуге мол үлес қосуда. Алдымызда тұрған міндет — осы стипендияға нағыз қабілетті, дарынды балаларды іріктеу. Кездейсоқ адамдарды қосуға болмайды. Сондықтан келесі жылдан бастап халықаралық олимпиада жеңімпаздарын «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқуға жіберу туралы шешім қабылданды. Осылайша, біз дарынды әрі талапты жастарға жан-жақты қолдау көрсете береміз, — деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚАРҚЫНДЫ ҰҚПАЛДАСТЫҚҚА ЖОЛ АШАТЫН ҚҰЖАТ

Мемлекет басшысы Армения Премьер-министрімен телефон арқылы сөйлесті.

Қазақстан Президенті Премьер-министр Никол Пашинянды Вашингтонда Армения мен Әзербайжан арасында бейбітшілік орнату туралы декларацияға қол қойылуымен құттықтады.

Тарихи маңызы бар бұл құжатқа Никол Пашинянның саясаткер ретіндегі алғырлығының арқасында қол қойылды. Ол мықты саяси ерік-жігерге ие екенін көрсетіп, өз мемлекетінің ұлттық мүддесі жолында стратегиялық көрегенділік танытты.

Декларация Оңтүстік Кавказдағы ауқымды халықаралық ынтымақтастыққа, сондай-ақ Қазақстан мен Армения арасындағы анағұрлым қарқынды экономикалық және

инвестициялық ықпалдастыққа жол ашады. Қасым-Жомарт Тоқаев Армения Премьер-министрінің жыл соңына жоспарланған ресми сапарына Астана әзірлік жұмыстарын бастап кеткенін мәлімдеді. Қазақстан келіссөздерге өз алаңын ұсына отырып, Армения мен Әзербайжан арасындағы саяси диалогқа одан әрі септігін тигізуге ниетті.

Никол Пашинян жылы лебізі мен қолдауы үшін Мемлекет басшысына алғыс айтты. Сондай-ақ Қазақстан тарапына екі мемлекет арасында бейбітшілік орнатуға қатысты келіссөз процесінің кейбір аспектілері жөнінде мәлімет беріп, бұл мәселеде АҚШ Президенті Дональд Трамп айрықша мәмілегерлік рөл атқарғанын атап өтті.

Премьер-министр Қазақстанның Армения мен Әзербайжанды татуластыруға қосқан үлесін оң бағалады. Сонымен қатар ол өзара ынтымақтастықты жандандыратын жаңа келісімдерге қол қою үшін Қазақстанға биыл арнайы сапармен келуге дайын екенін растады.

ЖҰМЫС ЕРКІНДІГІ – ЖАҢА ҚҰНДЫЛЫҚ



→ 5

АКТЕРЛІК ҮЛКЕН САБЫРДЫ ТАЛАП ЕТЕДІ



→ 8



ТАҢДАУЛЫ 100 КІТАП АНЫҚТАЛДЫ

Қазақстандықтар отандық әдебиеттегі таңдаулы 100 кітапты анықтады. Сауалнама 23 сәуірде eGov порталында басталып, үш айға созылған сауалнама Абай күні қарсаңында аяқталды.

Жалпы кітапқұмарлық — жақсы қасиет. Көпшілік арасында «уақытын гаджеттерге телміріп өткізетіндерді күні ертен кітап оқығандар басқарады», — дейтін тәмсіл бар. Шетелдердің бірінде айтылған деседі. Шынында да, кітапқұмар халықтардың ұтылғаны болған емес. Соны ескерсе керек, 2024 жылы Атырауда өткен Ұлттық құрылтайдың ІІІ отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Шын мәнінде, озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы — кітап оқу. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек», — деген еді. Ал Үкімет сол жылдың 29 маусымында қаулы шығарып, 23 сәуірді Ұлттық кітап күні деп белгілеген болатын.

(Жалғасы 3-бетте)

БАҒДАР

12 ТАМЫЗ 2025 | СЕЙСЕНБІ



ХӘКІМ ӨСИЕТІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ ЖОҒАЛМАЙДЫ



Мемлекет басшысының құттықтауында Абай әлемдік ауқымдағы ғұлама екеніне және оның рухани мұрасы келер ұрпақ үшін де өзекті болып қала беретініне баса мән берілген.

«Абай — төл мәдениетімізді дамытуға өлшеусіз үлес қосқан әлемдік деңгейдегі кемеңгер тұлға, халқымыздың сана-сезімін жаңғыртқан ұлы ақын. Ол жаңа әдебиетіміздің негізін қалап, дүниетамымыздың көкжиегін кеңейтті. Өскелең ұрпақты білімпаз, еңбеккор, адал азамат болуға шақырып, ұлттың жана сапасын қалыптастыратын қасиеттерді кенінен дәріптеді. Отанға деген сүйіспеншіліктің және ел мүддесі үшін қалтқысыз қызмет етудің озық үлгісін көрсетті. Хәкім Абайдың мол мұрасы — қазақ халқының ғана емес, барша адамзаттың өнеге алатын асыл қазынасы. Оның ой-толғамдары мен өсиеттерінің өзектілігі ешқашан жоғалмайды. Сондықтан Абайды тану және таныту, шығармашылығын терең зерделеу өте маңызды», — делінген Президенттің құттықтау хатында.


Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев өз сөзінде кейінгі жылдарда Мемлекет басшысының бастамасымен Абай мұрасы елімізде ғана емес, әлемдік деңгейде де

кенінен насихатталып жатқанын айтты. Ұлы ойшылдың 180 жылдық мерейтойы — бүкіл ел үшін маңызды рухани оқиға. Бұл ауқымды іс-шара халқымыздың парасат биігіне, адамгершілік құндылықтарға және ұлттық бірегейлікке деген ұмтылысының жарқын көрінісі екені анық.

«Мемлекет басшысының бастамасымен ресми түрде 10 тамыз — Абай күні болып бекітілді. Абай шығармалары әлемнің негізгі тілдеріне аударылды. Осы ретте Президентіміздің тапсырмасымен Алматыда Абай ұлттық мектебі бой көтеріп жатқанын да атап өткен жөн. Бұл бірегей білім ордасы қазақ зиялыларының жана буынын қалыптастыруға қызмет етпек. Сондай-ақ ұлы ойшыл бізге «Толық адам» тұжырымдамасын өсиет етті. Қазір Абайдың бұл идеясы мемлекеттік саясатымыздың негізгі өзегіне айналып отыр. Мемлекет басшысы жариялаған «Адал азамат» тұжырымдамасы осы негізге табан тірейді», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сенат Төрағасы өңірге сапары барысында Абай мен Шәкәрімнің кесенелерін зиярат етіп, Қарауыл ауылында ақын ескерткішіне гүл шоғын қойды.

ТАҢДАУЛЫ 100 КІТАП АНЫҚТАЛДЫ



(Басы 1-бетте)

Биыл алғаш рет атап өтілген Кітап күні мейрамында таңдаулы 100 кітапты анықтайтын сауалнама басталған болатын. Сауалнама 23 сәуір мен 9 тамыз аралығында өтті. Қазіргі қоғамның кандай әдебиетті бағалайтыныны, кандай шығармалар өз әлеуетін әлі сақтап келе жатқанын айқындайтын сауалнамаға eGov порталы арқылы 100 мыңнан аса адам қатысыпты.

eGov порталындағы сауалнаманың бірнаша артықшылығы бар. Біріншіден, зерттеуде бір адамның бірнеше рет пікір білдіру мүмкіндігі болмайды. Екіншіден, бәлкім, басты ерекшелігі — отандастарымыздың кандай кітап оқып жүргені айқындалады. Өз кезегінде сауалнама әдеби құндылықтар жүйесін таразылауға мүмкіндік береді.

Оның үстіне 3 ай ішінде сауалнамаға жүз мыңнан астам азаматтың қатысуы халықтың озық ойлы ұлт болуға ұмтылысы жоғары екенін, Президент бастамаларының қоғамға жетіп жатқанын аңғартса керек. Әрі сауалнамаға еліміздің барлық аймағы белсене атсалысқан. Ең жас

респондент 16-да болса, карт оқырман 92 жаста екен.

Астанада өткен «100 кітап» жобасының қорытынды іс-шарасында қоғам қайраткерлері мен зиялы қауым өкілдері бастаманың ұлт руханияты үшін айырықша маңызды қадам болғанын атап өтті. Зиялы қауым өкілдері жобаның қазақ әдебиетін насихаттауға ғана емес, кітап өндірісіне де, кітапхана ісіне де соны серпін беріп, ықпал ететінін атап өтті.

Қорытынды тізімге классикалық шығармалардан бастап, қазіргі заман авторларының да туындылары енді. Тізім құрамына көркем әдеби роман мен повестер, өлең жинақтары кірді.

«100 кітап» жобасы бойынша іріктелген еңбектер тізімі Ұлттық құрылтайдың ресми сайтында жарияланды. Ал жоба бұдан былай тұрақты түрде жалғасып, тізім жанартылып отырады.

«100 кітап» жобасы — ұлтымыздың болмысын айшықтайтын, қалың оқырманның әдеби талғамын қалыптастыратын, келер ұрпаққа рухани бағыт-бағдар болатын маңызды қадам.

Амангелді ҚҰРМЕТ

ДЖИУ-ДЖИТСУДАН БАЛАЛАР ТУРНИРИ ӨТТІ

Турнирге Қазақстанмен қатар бес елден 200-ден астам жас спортшы қатысты.

Алматы облысында «AMANAT» партиясының бастамасымен алғаш рет AMANAT JIU-JITSU KIDS CUP 2025 халықаралық балалар турнирі өтті. Жарыс Іле ауданында ұйымдастырылды.

Байрақты бөсекеге Қазақстанның барлық өңірінен келген спортшылармен қатар, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Украинадан келген жас джиу-джитсушілер қатысты. Жалпы саны 200-ден астам балуан татамиде бақ сынады.

Турнир жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау, спорттық бәсекелестікті арттыру және халықаралық ынтымақтастықты нығайту мақсатында өткізілді. Жарысқа халықаралық санаттағы кәсіби төрешілер шақырылған.

— «AMANAT» партиясы, «Жастар Рухы» жастарға тек білім мен жұмыс қана емес, сондай-ақ ерік-жігер мен тәртіпті дәріптеуге бағытталған жан-жақты жобаларды жүзеге асырады. Аталған жарыс — балаларды спорт арқылы тәрбиелеудің жарқын үлгісі. Біз жарысқа қатысқан әр баланың болашақта мықты азамат, елдің тірегі боларына сенеміз. Бұл — партияның жастарды қолдау жолындағы нақты қадамы, — деді «Жастар Рухы» Жастар қанатының төрағасы Акерке Искандерова.

Турнирді өткізу туралы бастаманы алғаш рет биыл ақпан айында джиу-джитсудан кара белбеу иегері, Сағадат батыр атындағы спорт клубының негізін қалаушы Нұрсұлтан Орынбасаров «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошановпен өткен кездесуде көтерген болатын. Сол сәтте балалар мен жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту мақсатында арнайы республикалық турнир ұйымдастыру қажеттігі айтылған.



«Бұл ұсынысты нақты қажеттілікке сүйене отырып айттық. Себебі елімізде джиу-джитсу спортымен айналысатын мыңдаған жас спортшы бар, бірақ олардың шеберлігін шындайтын, халықаралық деңгейге шығаратын алаңдар жеткіліксіз. Бүгін сол бастама нақты жобаның негізіне айналды. Біз бұл турнир арқылы тек чемпиондарды емес, жауапты азаматтарды тәрбиелейміз. Бұл — «AMANAT» партиясының ел болашағына бағытталған айқын ұстанымының көрінісі», — деді Нұрсұлтан Орынбасаров.

Өз кезегінде «AMANAT» партиясы Алматы облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ерлан Жакупов жарыстың маңыздылығына тоқталды. Оның айтуынша, өңірде спорттың көптеген түрі дамып келеді, олардың арасында джиу-джитсу ерекше қарқынға ие.

«Сонғы жылдары Сағадат Нұрмағамбетов атындағы спорт клубы 5 мыңға жуық жас спортшыны тәрбиеледі. Олардың қатарында әлем чемпиондары да бар. Бұл — жүйелі қолдаудың және жастарды

спортқа тартудың нақты нәтижесі. Партияның саяси тұғырнамасында халық саулығына ерекше көңіл бөлінген. Салауатты өмір салтының кепілі — спорт. Сондықтан бұқаралық спортты және кәсіби спортты дамыту — біздің басымдықтарымыздың қатарында. Джиу-джитсу — өңірімізде қарқынды дамып келе жатқан спорт түрі. Бұл турнирдің жас ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі зор», — деді ол.

Жарыс қорытындысы бойынша әр салмақ және жас санатында үздік шыққан спортшылар кубокпен, медальдармен және дипломдармен марапатталды.

Айта кету керек, турнир Қазақстан джиу-джитсу қауымдастығы, Алматы облыстық джиу-джитсу федерациясы, облыстық Денешынықтыру және спорт басқармасы мен Сағадат Нұрмағамбетов атындағы спорт клубының қолдауымен өтті. Ұйымдастырушылардың мәліметінше, AMANAT JIU-JITSU KIDS CUP жарысы алдағы жылдары дәстүрлі форматта жалғасын табады.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ БАСТАЛДЫ

Жаңа оқу жылы қарсаңында «AMANAT» партиясы дәстүрлі «Баланы мектепке дайындайық!» жалпыреспубликалық қайырымдылық акциясының басталғанын хабарлайды.

«Бакытты отбасы» партиялық жобасы аясында 2010 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан бұл іс-шара биыл 11–30 тамыз аралығында өткізіледі. Акцияның негізгі мақсаты — көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балаларын жаңа оқу жылына дайындауға қолдау көрсету.

Іс-шараға партияның Орталық аппараты мен өңірлік және аумақтық филиалдарының қызметкерлері, партия депутаттары, бастауыш партия ұйымдарының мүшелері және белсенді азаматтар қатысады. Сонымен

қатар жеке кәсіпкерлер де қаржылай және материалдық көмек көрсетеді.

Акция барысында 45 мыңнан астам оқушыға мектеп формасы, оқу құралдары және кенсе тауарларымен жабдықталған сөмкелер табысталады. Бұл — тек материалдық көмек қана емес, әр баланың жүрегіне мейірім мен шабыт ұялату, жана оқу жылын толық дайындықпен қарсы алуға мүмкіндік беру.

Айта кетейік, биыл аталған акция 16-рет ұйымдастырылып отыр.

ҮЙ ЖИҒАЗЫН ЖАСАЙТЫН ЦЕХ АШЫЛДЫ

«AMANAT» партиясының бастамасымен қолға алынған «Ауыл аманаты» жобасы аясында Қызылорда облысында үй жиһазын дайындайтын жаңа цех іске қосылды. Жоба ауыл тұрғындарының табысын арттырып, жергілікті кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған.

Қызылорда облысы Арал қаласының тұрғыны Нұрболат Бисембаев «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 2,5 пайыздық жеңілдікпен 6 млн 250 мың теңге несие рәсімдеп, шағын цех ашқан. Бүгінде мұнда үш адам тұрақты жұмыс істейді.

«Бағдарламаның арқасында арманымдағы кәсібімді бастадым. Үй жиһазына сұраныс жоғары. Ауданнан бөлек, Астана мен Алматы қалаларынан, сондай-ақ Ақтөбе облысынан да тапсырыстар түсіп жатыр. Алдағы уақытта цех көлемін кеңейтіп, жаңа құрал-жабдық алып, жұмысшылар санын арттыруды жоспарлап отырмын», — деді кәсіпкер.

Цех заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған. Қытай зауыттарынан әкелінген ағашты аралау машинасы мен ағаш жиектерін жапсарлау аппараты жұмыс істейді. Кәсіпкер қосымша ою-өрнек са-



латын құрылғы сатып алуды да көздеп отыр. Бұл жоба ауыл тұрғындарына тұрақты табыс тауып, тұрмысын жақсартуға мүм-

кіндік беретіні сөзсіз. «Ауыл аманаты» аясында ашылған әрбір жаңа кәсіп өңір экономикасының дамуына үлес қосуда.

Дайындаған Елнар ЕЛТАЙ

ӨЗЕКТІ

12 ТАМЫЗ 2025 | СЕЙСЕНБІ

ТӘТТІНІҢ ҚҰНЫ – ТҰРМЫСТЫҢ МҰҢЫ

Елде құмшекер қайтадан қымбаттап барады. Ол инфляцияға кезекті рет қозғау салып, қант пайдаланылатын өзге тауарлардың – нан-тоқаш, консерві, кондитерлік өнімдер, сусындар мен басқасының бағасының өсуіне серпін беріп, халықтың тұрмысын төмендетуге түрткі болды. Әлеуметтік желіде қазақстандықтар бұл өнімнің негізінен, ірі супер-гипер-маркеттерде сатылатынын, ұсақ сауда орындарында сөреден жоғалып кеткенін айтады. Жауапты органдар қант тапшылығын жоққа шығарды. Бұл қымбатшылыққа не себеп? Қант өндірісін ұлғайту үшін Үкімет қандай шара қабылдады?

А Елдос СЕНБАЙ

ҚЫМБАТШЫЛЫҚТЫҢ БІР «ЛОКОМОТИВІ»

Инфляцияны тежеу Қазақстанда әзірге мүмкін болмай тұр. Ұлттық статистика бюросы 2025 жылғы шілде қорытындысында инфляция деңгейі жылдық мәнде 11,8%-ға жеткенін жариялады. Бөрікті аспанға ататын көрсеткіш емес. Әрі бағаның өсуіне ықпал етіп тұрған бірқатар фактор бар. Ал ресми мәлімет бойынша Қазақстанда 2025 жылғы шілдеде баға қымбатшылығына «сүбелі үлес» қосқан 6 азық-түлік тауары анықталды, бұлар: сұлы жармасы мен пряник – әрқайсысы 1,3%-дан, жеміс шырындары – 1,2%, қант – 0,8%, бал – 0,7%, шұжық өнімдері – 0,5%. Мамандар жармадан басқасының бәріне қанттың ықпалы барын ескертеді (құрамына қосылады).

– Қазақстанда «тәтті өмір» қымбаттап, қолжетімсіз болып барады. Мысалы, шоколад құны бірден 28%-ға асқақтады. Сондай-ақ 2025 жылғы шілде қорытындысында республикада кондитерлік өнімдердің елеулі қымбаттауы тіркелді. Былтырғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда, құрамына қант қосылатын нанды және ұнды кондитерлік өнімдер бағасы – 6,9%-ға, өзге кондитерлік тауарлар – 14,3%-ға өсіп шыға келді, – дейді Energyprom мониторинг агенттігінің сарапшылары.



Ол баға «көтерілісі» елдің барлық өңірінде байқалғанына екпін түсірді. Әрине, өсу қарқыны әрқайсысында әртүрлі, ала-құла. Нанды-ұнды кондитерлік өнімдердің құнының ең көп артуы Павлодар (12,6%), Шығыс Қазақстан (11,6%) облыстарына және Астанаға (11%) тиесілі. Басқа кондитерлік өнімдер бағасының ұлғаюы Жетісу облысында (25,3%), Шымкентте (22,6%) және Ұлытау облысында (21,5%) тіркелді. Тіпті, ең аз деген Ақмола облысында 6,1%-ға өсіпті.

Қантқа тәуелді тауарлар арасында шоколад – 28%-ға, кепкен тоқаш (сушки) 12%-ға, майкоспа тоқаш – 10,9%, торт – 8,8%, пряник – 8,7%, қытырлақтар (сухарики) – 7,8%, печенье – 6,9%, көмпиттер – 13,9%-ға, зефир – 5,1%, мармелад – 3,8%, халва – 3,2%-ға қымбаттады.

Жалпы, қантқа деген сұраныс жыл өткен сайын өсіп келеді. Қазір өндірушілер, тіпті бөтелкеленген қарапайым суға қант қосады. Сондай-ақ биылғы 5 айда елімізде кондитерлік өнімдердің өндірісі былтырғыға қарағанда 8,7%-ға артып, 46 мың тоннаға жеткен. Оның құрамындағы үлкен көлемге тағы да қант ие. 8,2 мың тонна қазақстандық кондитерлік өнімді шетелдіктер өзіне тасып әкетті.

КАНТ ЕМЕС, ҚҰАТ ТАПШЫ

Халықтың қант тапшылығы туралы пайымымен жауапты шенеуніктер келіспейді. Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижанованың айтуынша, Қазақстанда отандық азық-түлік өндірісі артып келеді. 2025 жылдың 5 айында оның көлемі 10,5%-ға өсіп, 1,5 трлн тенгені құрады. Әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарларының ішінде ең көп өсімді қызылша қанты паш етті: өндірісі былтырғы 4,6 мың тоннадан биыл 64 мың тоннаға дейін күрт өсіпті.

– Қазақстан Еуразиялық одақ елдері арасында әлеуметтік азық-түліктердің ең қолжетімді бағасына ие. ЕАЭО елдеріндегі ӘМАТ-тың нарықтық бағасына жүргізілген салыстырмалы талдау олардың бізде анағұрлым қолжетімді екенін көрсетті. Атап айтқанда, Қазақстанда тауық жұмыртқасы, ұн, нан, құнбағыс майы, тұз, күріш, картоп, қырыққабат, пияз, сәбіз ең төмен баға тіркелген. Ал төрт позиция, соның ішінде қант, қарақұмық, сиыр еті және сүт бойынша Қазақстан Беларуське жол берді, – делі бірінші вице-министр.

Ауыл шаруашылығы министрлігі 2025 жылғы 6 айда қант өндірісінің 1,9



ЕуразКАБА (қолжазба)

Қазақстанда «тәтті өмір» қымбаттап, қолжетімсіз болып барады. Мысалы, шоколад құны бірден 28%-ға асқақтады. Сондай-ақ 2025 жылғы шілде қорытындысында республикада кондитерлік өнімдердің елеулі қымбаттауы тіркелді. Былтырғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда, құрамына қант қосылатын нанды және ұнды кондитерлік өнімдер бағасы – 6,9%-ға, өзге кондитерлік тауарлар – 14,3%-ға өсіп шыға келді

есе өсуінің арқасында елдегі азық-түлік өндірісінің көлемі 10%-ға ұлғайғанын нықтады. Ведомство былтыр рекордтық көлемде қант қызылшасы жиналғанын еске салды. Қант қызылшасының орташа өнімділігі 2024 жылы гектарынан 535,5 центнерден айналды және жалпы көлемі 1,26 миллион тоннадан асқан.

Бұл өнімді Ақсу, Көксу және Меркі қант зауыттары өңдеп жатыр. Жана өзгеріске сәйкес, АШМ дерегінше, фермерлерге қант қызылшасын қай зауытқа тапсырғанына қарамастан, қолданыстағы тәртіп бойынша өкімдіктер мен қант зауыттары тарапынан субсидиялар төленеді.

Саланы дер кезінде, барынша жедел қаржыландыру, сондай-ақ дикандалардың агротехникалық талаптарды сақтауы арқасында қант қызылшасының шығымдылығы былтыр 2 есе ұлғайыпты. Нәтижесінде, әлгінде айтылған реформдық астық жиналды. Алайда АШМ дерегінше, егіншілердің кредиттік жүктемесінің шектен тыс жоғары болуы, көрші мемлекеттер экспорттаушыларының демпингтік саясат жүргізіп, арзан бағамен өнім жеткізуі, отандық қант зауыттарының қуаттылығының шектелуі алынған астықты толық өңдеуге мүмкіндік бермеді. Оның бір бөлігі далада босқа шірілді. Бұған жол бермеу үшін де жана зауыт-кәсіпорын тұрғызу, қолданыстағысының қуатын арттыру қажет.

ЖОСПАРЛЫ МЕЖЕГЕ ЖЕТЕ МЕ?

Депутаттарға мәлімет берген Үкімет басшысы Олжас Бектенов Жамбыл облысында жана қант зауыты салынатынын мәлімдеді. Ішкі нарықтың құмшекерге деген жыл сайын өсетін қажеттілігін өтеу үшін осы өңірдегі Шу қаласында жылына 150 мың тоннаға дейін қант өндіретін жоғары технологиялық зауыттың құрылысы әзірленіп жатыр.

– Меркі қант зауытының өндірістік қуаты тәулігіне 3 мың тоннадан 4 мың тоннаға дейін ұлғайтылады. Тараз қант зауытында жана технологиялық желі орнату жоспарланған. 2026

жылдың соңына дейін Көксу қант зауытының қуаты тәулігіне 2,2 мың тоннадан 5 мың тоннаға дейін артырылады. Сонымен қатар қазір Qazsugar СО ЖШС Жамбыл облысының Шу қаласында жылына 150 мың тонна қант өндіретін жоғары технологиялық зауыт салу жобасын қолға алды. Бұдан бөлек, Алматы облысында Al Khaleej Sugar компаниясымен бірлескен инвестициялық жобаны іске асыру жағы қарастырылып жатыр, – делі Үкімет басшысы.

Инвестор Алматы өңіріндегі жобаға 493 миллион доллар инвестиция құяды, 800-ден аса тұрақты жұмыс орны құрылады деп күтіледі. Сондай-ақ Ауыл шаруашылығы министрлігі

лық инвесторларға ұсынды. Бұдан бөлек, арабтар да Қазақстандағы ең ірі қант зауытын тұрғызуға құштар. Жуырда Үкімет басшысының орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин осы жобаның әлеуетті инвесторы Al Khaleej Sugar компаниясының президенті Жамал әл Гурайрмен кездесу өткізді. Тараптар Алматы облысында ірі қант зауытын салу жөніндегі инвестициялық жобаны іске асырудың егжей-тегжейін талқылады.

Жобаны іске қосу үшін Қазақстан Үкіметі мен QazaqArabSugar ЖШС арасында инвестициялық келісімге қол қойылды. Жобаны жүзеге асыруға бағытталған Жол картасы бекітілді. Ол Қазақстан даму банкі арқылы қаржыландыруды, жер телімін бөлу мен кеңейтуді, оны Alatau АЭА аумағына біріктіруді, инженерлік инфрақұрылымды тартуды, жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуді және зауыт салуды қамтиды. Қазір инвестор құрылыс жүргізілетін орынды анықтап та үлгерді.

Жоба бойынша жана зауытта жылына 500 мың тоннаға дейін қант қызылшасын қайта өңдеу қарастырылған. Зауыт жанында шикізатты өсіруге арналған суармалы жерлерді дамыту және кеңейту жоспарланып отыр. Жобаның жүзеге асырылу мерзімі 3 жылға созылады.

Үкіметті құрылыс жұмыстарының уақытылы басталуы аландатса, араб инвесторларын зауыттың жергілікті инфрақұрылымға қосылуы, жергілікті жолдардың, сумен, электрмен жабдықтау желілерінің, телекоммуникациялардың алып зауыттың жүктемесін еңсере алуы, отандық өндірушілердің шикізатпен тұрақты әрі толық қамтамасыз етуі сияқты мәселелер мазалайды.

Ел Үкіметі 2022 жылғы қыркүйекте тікелей Президенттің тапсырмасымен «Қант саласын дамыту жөніндегі кешенді жоспарды» бекіткен-тін. Бағдарлама 2026 жылы аяқталады. Оған сәйкес, қант қызылшасы егілген егістік көлемін сол жылғы 11 мың гектардан 2026 жылы 38 мың гектарға дейін арттыру жоспарланды. Алайда, қант қызылшасы өсетін егіс алқабының көлемі 2024 жылғы 25,2 мың гектардан биылғы 2025 жылы 17,7 мың гектарға дейін қатты азайып кетті. Түпкі нысаналы көрсеткіш орындалмай қалайын деп тұр.

Кешенді жоспарда сондай-ақ қант қызылшасының астығын 280 мыңнан 1,8 миллион тоннаға дейін арттыру белгіленді. Былтырғы рекордтық өнім Қазақстанды осы межеге елеулі жақындатқандай еді. Әйткенмен, егістік көлемінің қайта кемітілуі елді диттеген мақсатынан алыстата түскендей.

Бұдан өзге, келесі жылдың соңына дейін отандық қызылшаны елімізде өңдеу үлесін бұрынғы 7%-дан 43%-ға дейін жоғарылату, осы мақсатта жана зауыттар салу, қуатты арттыру, қолданыстағыларын кеңейту міндеті қойылды. Бұлардың да қалай орындалатыны беймәлім. Ірі жобалары әзірге келіссөз жүргізу және құжаттарын әзірлеу сатыларынан шыға алар емес.

Денсаулыққа зиянды болғанымен, қант – халық үшін үлкен маңызға ие, себебі ол күйкі тірліктен, төмен тұрмыстан шаршаған бұқараның көңіл күйін көтереді, өмірін тәтті етеді, өзін жаксы сезінуіне ықпал етеді. Қазақстандықтарды жанына ләззат сыйлайтын өнімнен айырмау үшін өндірушілерге мемлекеттік қолдауды уақытылы көрсету, қант қызылшасының шығымдылығын арттырып, шикізат базасын ұлғайту, өндірістік және өңдеуші базаны кеңейту, бұл саланы ғылыми сүйемелдеу және басқа шаралар қажет-ақ.



ҚОҒАМ

12 ТАМЫЗ 2025 | СЕЙСЕНБІ

Күрделі жұмыс кестесімен қоштасып, өз ережесін өзі орнататын адамдардың саны елімізде де артып келеді. Бүгінде уақыт пен еңбегін бағалайтын еркін қызметкерлер фриланс әлемін таңдайды.

1 МЛН-НАН АСТАМ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ – ФРИЛАНСЕР
Биыл әлемдегі жұмыстың 40%-ын фрилансерлер атқарады деген статистика бар. Еңбек ресурстарын дамыту орталығы мамандары әлеуметтік аударымдар мен міндетті зейнетақы жарналарына талдау жүргізе отырып, елімізде 1 млн-нан аса адам фрилансер болып жұмыс істейді деген қорытынды шығарған. Бұл көрсеткіш — қызметін ресми тіркеген маман иелерінің қатары ғана. Практик психолог, фрилансер Назира Бурханова бұл үрдіс кездейсоқ емес, керісінше заман талабынан туындаған құбылыс деп санайды.

— Бұрын адамдар ақша табуды қиын деп пайымдап, қолға күрек алып, жер қазу керек, аяңбай тер тоғу керек деген түсінікте болды. Қазір халықтың қаржылық сауаты артып жатыр. Қаржыны оңай табуға болады, ақша деген әлемде көп, тек соған жол таба білу керек дегенге сенеді. Олар мүмкіндіктерін ашып, интеллектуалды еңбектен де ақша табуға болатынын түсінді, — дейді Н.Бурханова.

Сонымен қатар еркін қызметкерлердің көбеюіне бүкіл әлемді жайлаған пандемия да әсер еткені сөзсіз. Карантиннен кейін де фриланс кей адамдардың өмірінің ажырамас бөлігіне айналды.

— Өзім де фриланспен карантин уақытында жақынырақ таныстым. Бұрын қосымша бірнеше жерде істеп жүретінмін. Кейін офлайн жұмыстар тоқтағанда онлайн бағытқа бет бұрдым. Осы кезде шығармашылық қабілетім ашыла түсті. Ең бастысы, уақыт үнемдедім. Бұрын кептелісте жоғалтатын уақытым өзіме қалды. Үйде отырып-ақ табыс табуға болатынын түсіндім, — дейді Н.Бурханова.

Кейіпкерімізбен әңгімеде фрилансқа өтудің қыз-келіншектер үшін артықшылығы мол екенін түсіндік. Фриланс әлемі қызметкердің уақыты мен еркіндігіне жол ашады. Жұмыс пен отбасылық өмірді қатар алып жүру үшін қызмет форматының қолайлы болуы керек-ақ.

— Фрилансқа көшуіме негізгі себеп — отбасылық жағдай. Декреттік демалыстан шыққан соң жұмыс іздегенімде, көп кедергіге тап болдым. Жұмыс берушілер «Баланыз бар ма?», «Кім қарайды?», «Ауырып қалса, не істейсіз?» деген жеке сұрақтар да қойып жатты. Кейбірі «Баланыз болған соң жиі сұранасыз» деп, тіпті қабылдаудан бас тартты. Бұл — ашық болмаса да, жасырын дискриминация. Біздің қоғамда «баланы тек ана тәрбиелеуі керек» деген стереотип әлі де басым, бұл — әйел адамның кәсіби жолын қиындататын фактор, — дейді фрилансер.


ЖҰМЫС ЕРКІНДІГІ – ЖАҢА ҚҰНДЫЛЫҚ

Оның сөзінше, үлкен қызының тілі кеш шыққан соң арнайы мамандарға жиі апарып, баласына көбірек уақыт бөлуге тура келген. Алайда бұл жағдай жұмыс берушілерге ұнамай, нәтижесінде бірнеше жұмыс орнынан кетуге мәжбүр болған.

ТАЙМ-МЕНЕДЖМЕНТ – ФРИЛАНСТЫҢ КІЛТІ
Жоғарыдағы әңгімемізге қарап, фриланстың артықшылығы мол деп танып, шектен тыс жоба алып қояды. Бірақ уақыт қысқан сайын стресс пайда болады, стресс ұзаққа созылса, депрессияға ұласады. Мұндай күйде жүрген адам сапалы жұмыс та істей алмайды, — дейді психолог Н.Бурханова. Сондықтан фрилансер ресурсын есептеп, күніне қанша тапсырма орындауға күші жететінін біліп, соған сай тапсырыс алғаны жөн. Тайм-менеджментті дұрыс құру —

“**Заң тұрғысынан фрилансерлерге қатысты жеңілдіктер Салық кодексінде тіркеліп немесе егер сіз фрилансер ретінде тіркеліп немесе жеке кәсіпкер болсаңыз, белгілі жеңілдіктерге ие боласыз. Салықтық есептеуден кейбір шығындарды (медициналық қызметтер, стоматологиялық емдеу, ипотекалық төлем) шегеруге болады.**

фриланстың кілті. Екіншіден, фрилансерлер кейде тоқтаусыз жұмыс істеп, демалысты ұмытып кетеді. Үстелде ұзақ отыру, қозғалыс-тын аздығы, ұйқының бұзылуы — денсаулықты тез құртатын факторлар. — Егер демалыста миың тек жұмысты ойлап жатса, ол дұрыс демалу емес. Сол кезде жұмысқа қайта-қайта оралу қиынға соғады. Ал толық демалсаңыз, кейін ісіңіз өнімді болады. Жұмыс пен демалыс арасындағы тепе-теңдікті сақтау — жан тыныштығының кепілі, — деп психолог демалыста жақсы тынығу керегін ескертті. Кейбір фрилансерлердің айтуынша, уақыт өткен сайын бұл салада да бәсекелес-



тік артып келе жатыр және фриланста кепілдік жоқ деген пікірлер бар. Бір айда көп тапсырыс алып, қалған екі айда қарап отырасың дейтіндер жеткілікті. Тіпті, кей кезде бір орынға 100 адам таласып қалуы өбден мүмкін. Жобаның аз-көбі фриланстағы таңдаған бағытыңызға да байланысты болмақ. Фриланстың ауқымы өте кең, әркім бағытын қабілеті мен тиімді тұсына қарай таңдай алады. Фриланс биржасындағы жұмыстар санатына копирайтинг, журна-

ЖИ-мен жасалған жарнама мен адам жасаған жарнаманы салыстырып көргенде, нәтиже адам еңбегінің пайдасы әлдеқайда жоғары екенін көрсетті. Ең маңызды фактор — саланыздың маңызы. Егер сұраныс болса, табыс та тұрақты болады, — дейді Ш.Ғарифуллқызы.

ҚҰБЫЛЫСТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛЕГІ ДЕ БАР
Еркін қызметкер болудың әлемі бөлек болғанмен, әлеуметтік әлегі де бар. Жұмыс беруші мен фрилансер арасында келісімшарт дұрыс жасалмаса, еңбекақыны төлемеу, жұмыстың ретсіздігі, демалыстың жоғы сынды түрлі қиындығы да алдыңнан шығады. Еркіндікті ансағандардың тұрақты табыс көзі болмағандықтан, әлеуметтік мүмкіндіктерге қол жеткізе алмай қалады. Зангер, Астана қаласының адвокаттар алқасының мүшесі Аида Дүйсенбаеваның айтуынша, фрилансерлердің әлеуметтік мәртебесі нақты анықталмағандықтан, мемлекет тарапынан фрилансерлерге арналған әлеуметтік қамсыздандыру (зейнетақы, медициналық сақтандыру) бойынша арнайы жүйе толық құрылмаған. Фрилансерлер әлеуметтік мүмкіндіктерді пайдалануды өз еркімен, өз жауапкершілігімен ғана атқара алады. — Заң тұрғысынан фрилансерлерге қатысты жеңілдіктер Салық кодексінде қарастырылған. Егер сіз фрилансер ретінде тіркеліп немесе жеке кәсіпкер болсаңыз, белгілі жеңілдіктерге ие боласыз. Салықтық есептеуден кейбір шығындарды (медициналық қызметтер, стоматологиялық емдеу, ипотекалық төлем) шегеруге болады. Егер фрилансер әлеуметтік төлемдерді төлемесе, медициналық қызметі

листика, интернет-жарнама, веб-мастер, графика, дизайн, иллюстрация, бағдарлама жасау, аударма, менеджерлік жұмыс, интернет-консультант, сценарист және IT мамандары да кіреді. Осы орайда дизайнер-фрилансер Шолпан Ғарифуллқызы сұранысқа сай маман болу үшін бағытынның өзекті екеніне көз жеткізу керегін баса айтты. — Бағытым — графикалық дизайн, фрилансқа өте ыңғайлы саланың бірі. Жасанды интеллект (ЖИ) пайда болғанымен, сапалы, адам сезіміне әсер ететін креатив дизайнға деген сұраныс күннен-күнге артып келеді. Мысалы, жақында Meta компаниясы

ЖЫРЫ БІТПЕГЕН ЖАТАҚХАНА

Елімізде жаңа оқу жылы басталған сайын мыңдаған студент баспана іздеп әлек болады. Әсіресе, студенттер тығыз шоғырланған Алматы шаһары үшін бұл үйреншікті құбылысқа айналғандай. Себебі әлі күнге дейін қаладағы жатақхана мәселесінің түйіні тарқамай келеді.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Қазір Алматыда 128 студенттік жатақхана және 60 жеке хостел орналасқан. Алайда биылғы оқу жылында қалаға ағылатын студенттер легінің санын ескерсек, қажеттілік бұдан әлдеқайда көп. Кейінгі жылдары билік өкілдері жатақхана санын көбейтуді уәде етіп келеді. Қала әкімдігі тарапынан жатақхана салу және орын тапшылығы мәселесін шешу үшін қандай шаралар қолға алынған? Жана жатақханалар салынған күннің өзінде студенттерге берілетін орындар әділ бөлінетініне кім кепілдік береді? Біз осы және өзге де маңызды сауалдарымызды Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасына жолдаған едік.

Басқарма мәліметіне сүйенсек, қалада студенттік жатақханалардағы орын тапшылығын азайту жөніндегі жұмысты тиімді үйлестіру үшін Алматы қаласы әкімдігі мен Ғылым және жоғары білім министрлігі бірлесіп, 2023 жылы студенттік жатақханалар салу жөніндегі жобалық кеңсені іске қосқан. Мамандар бұл бастама өз нәтижесін беріп келе жатқанын алға тартты.

Кенсе жұмысын бастаған уақыттан бері қаладағы студенттерге арналған 34 жатақхана пайдалануға берілді. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде студенттерге арналған жатақхана орындарына сұраныс төмендеп, бастапқы 32,7 мың орыннан 23,7 мың орынға дейін қысқарды. «Алматы қаласын 2025 жылға дейін дамыту бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалар» Жол картасын жүзеге асыру аясында биылғы жылдың соңына

дейін 6 049 орынға арналған 15 нысанды пайдалануға беру жоспарланып отыр, — деді Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы. Кей жағдайда жатақханаға орналасу кезінде студенттер арасында әділетсіздік пен таныстыққа жол беріледі деген пікірлер бар. Бірақ Жастар саясаты басқармасы жатақханадан орын бөлу ереже бойынша қарастырылатынын, ешқандай тамыр-таныстыққа жол берілмейтінін негізге алды. Дәлірек айтсақ, жатақханадағы орындар ең алдымен жанадан жоғары оқу орнына түскен І-курс студенттеріне беріледі. Кейін жоғары курс студенттерінің өтініштері қарастырылып, бөлу процесі ЖОО-да комиссиялық түрде, студенттің әлеуметтік жағдайы мен мәртебесіне қарай жүзеге асады.

Әрине, бұл пікір ата-аналар мен студенттердің арасында әлі күнге дейін кездеседі. Бірақ қазір мен бұл ақпаратты жоққа шығарғым келеді. Себебі қазір барлығы заңды әрі ресми түрде жүргізіледі. Жоғары оқу орындарының басты міндеті — жанадан қабылданған студенттерді толығымен жатақханамен қамту. Әсіресе, ең алдымен алыс аймақтардан келген және жеңілдігі бар студенттерді жатақханаға орналастырады. Егер бос орын қалған жағдайда өзге де студенттерді жатақханамен қамту қарастырылған, — деді Алматы қаласының студенттік омбудсмені Айболат Сембиев.

Сондай-ақ қазір Алматы қаласының әкімдігі мен Ғылым және жоғары білім министрлігінің бірлескен бастамасы аясында АЛТ университеті базасында 40 орындық Дағдарыс орталығы жұмыс істейді. Орталық өмірлік қиын жағдайға тап болған студенттерге психологиялық және әлеуметтік көмек көрсетіп, уақытша баспана



“**Кеңсе жұмысын бастаған уақыттан бері қаладағы студенттерге арналған 34 жатақхана пайдалануға берілді. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде студенттерге арналған жатақхана орындарына сұраныс төмендеп, бастапқы 32,7 мың орыннан 23,7 мың орынға дейін қысқарды.**

ұсынады. Мұнда кәсіби психологтан құпия кеңес алуға болады. Сондай-ақ қажет болған жағдайда студенттерге құқықтық және медициналық көмекке бағыттау түріндегі қолдау қарастырылған. Орталықта жайлы өмір сүруге қажетті барлық жағдай жасалған. Қауіпсіздік және өзін-өзі қолдау мәселелері бойынша тұрақты түрде тренингтер мен ақпараттық іс-шаралар өткізіледі, — деді басқарма өкілі.

Бүгінде шаһардағы барлық 35 университетте ситуациялық орталықтар жұмыс істейді. Бұл орталықтар студенттердің өтініштері мен мәселелерін нақты уақыт режимінде қабылдап, деректерді жаңартып, жедел шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Мұнда азаматтарды қабылдау, кеңес беру қызметі көрсетіледі. Жұмыс оқу орындары мен тиісті құрылымдар арасында тығыз байланыс орната отырып

пайдалану немесе зейнетақы жинақтау мүмкіндіктері шектелуі мүмкін, — дейді А.Дүйсенбаева.

Зангердің айтуынша, фрилансерлердің көбі қызметін ресми тіркемей, келісімшартсыз жүргізеді. Бұл олардың табысын жасыруына және салық төлеуден жалтаруына әкеледі. Нәтижесінде, олар зейнетақы мен әлеуметтік төлемдерді минималды деңгейде төлеп, әлеуметтік қорғаудан тыс қалады. Ал фрилансер жеке кәсіпкер ретінде тіркелсе, төлемі салыстырмалы түрде көп болғанымен, медициналық қызметтерге, ипотекалық төлемдерге қатысты қосымша жеңілдіктерге ие бола алады. Қысқасын айтқанда, сауа-тыңыз бен есебіңіз тең болса, мүмкіндіктен қағылмайсыз.

Дизайнер-фрилансер Шолпан Ғарифуллқызы өз тәжірибесін алға тартып, зангердің пікірімен толық келісе алмайтын айтты. Ол әзірге жобалар табу жағынан қиындық тумағанын, жұмысының тұрақтылығын, қосымша фриланс жобалар айына кемінде бір-екі рет түсіп тұратынын жеткізді.

— Кей клиенттерім жұмысымның сапасын бағалап, өздері қайта хабарласып, жана жобалар ұсынады. Олардың қайта ұсыныс тастауы — мен үшін үлкен жетістік. Себебі фриланста техникалық дағдылардан бұрын адами қарым-қатынас, тәртіп, сенім маңыздырақ. Көп жұмыс беруші фрилансердің жоғалып кетуінен, жауап бермей қоюынан шаршайды. Ал сен уақытылы, сапалы жұмыс істесең, табысқа да жетесің, — дейді фрилансер.

Маман әлеуметтік мүмкіндікке келісімшарт негізінде қол жеткізуге болатынын айтты. Еркін қызметкерлерге еңбек демалысы аса керек емесін, жобасын ерте аяқтап, демалып алуға да болатынын айтады.

— Мен АҚШ (Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт) бойынша жұмыс істеймін, мысалы кемі 3 айға, не бір жылға келісімге отырамын. Сондай келісім шартпен жұмыс істегенде, жұмыс беруші зейнетақы мен медициналық сақтандыру төлемін өзі төлейді. Табыс көзіне келсек, ол да өзіңізге, кәсіби дамуыңызға, еңбекқорлығыңызға тікелей байланысты. Өз тәжірибеме қарап, фриланс арқылы офистегі жалақыдан 2-3 есе көп табыс табуға болатынын көріп жүрмін, — дейді Ш.Ғарифуллқызы.

Ұлыбританиялық The Guardian басылымы 2030 жылға қарай АҚШ-тағы қызметкерлердің жартысына жуығы фрилансерлер болады деп болжайды. Көптеген компания өздерін «толығымен қашықтан жұмыс істейтіндер» деп жариялайды» делінген зерттеуде. Қазірдің өзінде Google, Microsoft сынды ірі компаниялар еркін форматқа көше бастады. Елімізде де фриланс индустриясы күн сайын дамып келеді. Еркін қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесі айқындалмаса да, фрилансерлердің дәурені жүріп тұрғаны анық. Елдегі фриланс алаңы да дамыған мемлекеттердің көшіне ілесіп, олқылық орны түзелсе екен дейміз.

Айсұлу СЪЕЗХАН

12 ТАМЫЗ 2025 | СЕЙСЕНБІ

Күні кеше хакім Абайдың 10 күндік мерейтойы өз мәресіне жетті. Абай облысында мерейтой қарсаңында халықаралық, республикалық және өңірлік деңгейдегі 100-ден астам ауқымды мәдени іс-шара ұйымдастырылды.

Әсет ҚАЛИ

Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойы — тек мәдени оқиға емес, бұл — ұлт руханиятын жаңғыртуға бағытталған үлкен бағдарлама. Абай әлемін насихаттау арқылы қазақ әдебиеті мен мәдениетінің тереңдігі мен көркемдігін халықаралық деңгейде көрсете аламыз. Жалпы, аймақ басшылығы тап осы мерейтой аясындағы мәдени және спорттық жарыстардың жүзде қорына 9 автокөлі пен 90 жылқы тігіліп отырғанын мәлім етті. Он күн ішінде, яғни 1-10 тамыз аралығында өтетін мерекелік шараларға 30 мыңнан астам адам қатысқан көрінеді. Мерейтой қарсаңындағы іс-шара өте көп болғанына қарамастан халықтың көңілі жайдары болды. Бәрін жіпке тізбей, ең басты деген шаралардың біразына тоқталайық.

АБАЙ ӘЛЕМІНЕ ЖОЛ АШҚАН ЖАҢА ПОРТАЛ

Мерейтойдың шымылдығын хакімнің 180 жылдығына арналған Мұхтар Әуезов атындағы педагогикалық колледждің «Ес-Аймақ» рухани орталығында ақын Айжан Тәбәрікқызы тізгінін ұстаған, ұлы ақынның мол мұрасын цифрландыру, жүйелеу және ғылыми айналымға енгізуге бағытталған ABAI AKADEMIASY атты энциклопедиялық портал ашты. Тұсаукесер рәсімінде сөз сөйлеген аймақ басшысы Берік Уәлиұлы:

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында «Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты» деп Абайдың мұратын, мақсаты мен арманын жіліктеп айтып, бүгінгі қазақ баласына ой салған болатын. Демек, бүгін көпке жол тартатын Абайға арналған энциклопедиялық портал, хакім мұраларын өскелең ұрпаққа насихаттау жолында негізгі бағдаршам болмақ. Сондай-ақ Абай туралы ақпарат іздеген адам ABAI AKADEMIASY порталы арқылы толыққанды қол жеткізе алады», — деді.

Келесі күн де, яғни 2 тамызда мәдени шараларға толы болды. 2-6 тамыз аралығында Халық әртісі Майра Лиясованың Абайға арналған гастрольдік концерті Семейден басталып, Үржар, Аягөз, Жарма және Жанасемей аудандарын аралады.

РУХ ПЕН ӨНЕР ТОҒЫСҚАН КЕШ

3 тамызда Абай атындағы театрда тағылымы мол, мазмұны терең «Абай

РУХАНИ ЖАҢАРУДЫҢ ҰЛЫ ТОЙЫ



әлемі» атты рухани кеш өтті. Бұл кеш дәстүрлі ән өнері арқылы Абайдың шығармашылық мұрасын, терең философиялық ойлары мен рухани болмысын дәріптейтін ерекше өнер алаңына айналды. Сахна төрінде халқымыздың рухани казынасын ұлықтап жүрген өнер сандақтары өнер көрсетіп, Халық әртісі Рамазан Стамғазы бастаған дәстүрлі ән дүлділері Еркін Шүкіман, Ерлан Рысқали, Толғанбай Сембаев, Ербол Айтпай, Клара Төленбаева, Гүлмира Сарина, Талғат Абуғазы, Берік Омаров, Қайрат Камидолдин тыңдарманның құлақ құрышын қандырды.

«Абай әлемі» — бұл тек ән кеші ғана емес, ұлттық өнеріміздің көркемдігі мен шеберлігін паш ететін, өскелең ұрпаққа өнеге болар рухани сабақ бола білді. Кеш барысында Абай өңдері мен қазақтың күй өнері шебер үйлесім тауып, жүректерге жол тапты. 4 тамызда Сәкен Тұрысбеков пен оркестрдің қорытынды концерті ұсынылды. 5 тамыз күні «Ой толғау — Хәкім Абай» атты моноопера сахналанса, 6 тамызда Абай алаңында «Абай елі — өнер кеніші» концерті мен жас ақындар мүшәйрасы — «Өлең сөздің патшасы» байқауы өтті.

7-9 тамыз аралығында Абай мұрасын насихаттауға бағытталған бірқатар маңызды шара ұйымдастырылды: жазушы, халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері Асқар Алтайдың шығармашылық кеші өтті. Осы кеш аясында «Абай жолы» энциклопедиясы мен Бағашар Тұрсынбайдың «Абай Құнанбайұлы кім?» кітабының тұсауы кесілді. Семейде «Адамзаттың Абайы» республикалық ақындар айтысы мен Абай ауданында «Жеті қазына» ұлттық байқауы басталды. Шәкәрім университетінде халықаралық ғылыми конференция, «Жидебай-Бөрілі» музейінде көрме, Абай кітапханасында кітап тұсаукесері және 15 елдің қатысуымен өтетін халықаралық ақындар фестивалі ұйымдастырылды. Конференцияда отандық әр алуан сала маманы, абайтанушы-ғалым

дар, Ресей, Түркия, Қырғызстан тағы басқа алыс жакын шетел ғалымдары өз баяндамаларын оқыды. Кешке қарай орталық алаңда «Абайға тарту» атты концерт өтті.

ТАҒЫЛЫМҒА ТОЛЫ ТОЙ ТҮЙІНІ

Мерейтой Қарауыл ауылында салтанатты түрде аяқталды. Бұл күні таңертең Жидебайда Құран бағышталып, құрбандық шалу рәсімімен басталды. Одан кейін еліміздің барлық өңірінде ұлы ақынға тағзым ретінде Абай ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Қарауылға жиналған халықтың қарасы қалың болғаны рас. Бұл жерге тек еліміздің қалаларынан емес, шетелден келгендер де бар. Арнайы қонақтар мен жұртшылық үшін 180 киіз үй де тігілген. Қарауылдың бір шетінде концерт болып жатса, екінші бір шетінде саудаға кіріскен көпшілікті көресіз.

Мерейтой барысында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев оқып берді. Мемлекет басшысының құттықтауында Абай әлемдік ауқымдағы ғұлама екеніне және оның рухани мұрасы келер ұрпақ үшін де өзекті болып қала беретініне баса мән берілген. «Абай — төл мәдениетімізді дамытуға өлшеусіз үлес қосқан әлемдік деңгейдегі кемеңгер тұлға, халқымыздың сана-сезімін жаңғыртқан ұлы ақын. Ол жаңа әдебиетіміздің негізін қалап, дүниетамымыздың көкжиегін кеңейтті. Өске-лен ұрпақты білімпаз, еңбеккор, адал азамат болуға шақырып, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыратын қасиеттерді кеңінен дәріптеді. Отанға деген сүйіспеншіліктің және ел мүддесі үшін қалтқысыз қызмет етудің озық үлгісін көрсетті. Хәкім Абайдың мол мұрасы — қазақ халқының ғана емес, барша адамзаттың өнеге алатын асыл қазынасы. Оның ой-толғамдары мен өсиеттерінің өзектілігі ешқашан жоғалмайды. Сондықтан Абайды тану

және таныту, шығармашылығын терең зерделеу өте маңызды», — делінген Президенттің құттықтау хатында. Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев өз сөзінде кейінгі жылдарда Мемлекет басшысының бастамасымен Абай мұрасы елімізде ғана емес, әлемдік деңгейде де кеңінен насихатталып жатқанын айтты. Ұлы ойшылдың 180 жылдық мерейтойы — бүкіл ел үшін маңызды рухани оқиға. Бұл ауқымды іс-шара халқымыздың парасат биігіне, адамгершілік құндылықтарға және ұлттық бірегейлікке деген ұмтылысының жарқын көрінісі екені анық. «Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев ұлы ойшылды жан-жақты ұлықтауға үнемі баса мән беріп келеді. Соңғы жылдарда Абай мұрасын кеңінен дәріптеу үшін көптеген жұмыс атқарылды. Мемлекет басшысының бастамасымен ресми түрде 10 тамыз — Абай күні болып бекітілді. Абай шығармалары әлемнің негізгі тілдеріне аударылды. Осы ретте Президентіміздің тапсырмасымен Алматыда Абай ұлттық мектебі бой көтеріп жатқанын да атап өткен жөн. Бұл бірегей білім ордасы қазақ зиялыларының жаңа буынын қалыптастыруға қызмет етпек. Сондай-ақ ұлы ойшыл бізге «Толық адам» тұжырымдамасын өсиет етті. Қазір Абайдың бұл идеясы мемлекеттік саясатымыздың негізгі өзегіне айналып отыр. Мем-



лекет басшысы жариялаған «Адал азамат» тұжырымдамасы осы негізге табан тірейді. Президентіміз «Ұлттық құрылтайда» белгілеп берген озық ойлы ұлтқа тән қасиеттер де ғұламаның өсиеттерімен үндес. Осындай іс-шараларды Абайға тағзым ету ғана емес, оның ойларын заманауи тұрғыда жаңаша түсініп, өмірде жүзеге асыруға жаңа мүмкіндік деп қабылдаймыз», — деді Мәулен Әшімбаев. Одан бөлек мереке қарсаңында Абай облысының әкімі Берік Уәли Абай ауданы Қарауыл ауылына жиналған халықты «Абай күні» мерекесімен құттықтады. Оның айтуынша, Абай мұрасының кемелді салаларының бірі, ұлттық танымның ұстынына айналуда тиіс тұғырлы дүние — толық адам ілімі.

— Бұл адамның рухани кемелденуін үш негізде, атап айтсақ, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек сынды үш айнымас темірқазыққа байлайды. Хакім

айтатын қашық болуға тиісті бес нәрсе, бойға сіңірірлік «бес асыл іс», «атаның емес, адамның баласы болу», «адамзаттың бәрін бауырым деп сүю» осының бәрі де осы ізгі ілімнің тараулы жолы, танымдық негізі, — делі әкім.

Өз сөзінде ол хакімнің туғанына 180 жыл толуын мерекелеу — Абай рухына тағзым ғана емес, Абайды жаңа қырынан танып, оның мол рухани байлығынан тағылым алатын елдік мейрам, ұлттық толғам болуы тиістігін жеткізді.

— Абай тойы елдің рухани өмірін серпілтіп қана қоймай, әлеуметтік тұрғыдан да өңірге пайдасын тигізіп, жұрт есінде қалар өнегелі шара болуы тиіс. Хакім тойына дайындық барысында осы түйінді басты назарға алғанымыз жөн.

Абай тойының өңірімізге ең басты сыйлығы — Мемлекет басшысының қолдауымен басталған «Абайға құрмет» акциясы. Хакімнің тойында еліміздің әр өңірі жанадан құрылған облысымызға бір нысаннан салып беретін болды. Қазір кейбір өңірлер құрылысты бастап жатса, жалпы барлық аймақ бүгінде қандай сыйлық жасайтынын жариялап үлгерді. Атап айтсақ, Маңғыстау «Достық үйін», Шымкент шығармашылық орталық, Түркістан көрме орталығы, Астана Жайлы мектеп, Ақтөбе жекпе-жек орталығы, Павлодар облысы Үстел теннис орталығы, Шығыс Қазақстан Ертіс жағажайын жасап беруге ниеттеніп отыр. Өзге өңірлер де хабарласып, ықылас-ниеттерін білдіріп жатыр.

БОЛАШАҚТЫҢ БАҒДАРШАМЫ

Адамгершілік қасиет, білім-ғылым мен адамның кемелдену мәселесі — Абай шығармашылығының негізгі арнасы. Дәл осы мәселелер ALQA BILIM академиясының жиынында да талқыланды. Биыл ұлы хакімнің 180 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылған шара тәлім мен тағылымға толы. Өйткені аға буыннан керегін алған жас ұрпақ ойшыл туралы тың дерекке қанық болды.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Ұлттық құндылықтарды дәріптеуді мақсат еткен ALQA BILIM академиясының Қосшы қаласында жаңа филиалы ашылды. Бұл ұлы ақын, ағартушы Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келіп, қала тұрғындары үшін қос қуанышты бір күнде тоғыстырды. Іс-шараның мақсаты — Абай мұрасын насихаттау, қала халқына мәдени-рухани серпін сыйлау. Ашылу рәсімінде сөз алған академия директоры, ғалым Саят Баймұратұлы қазақ руханиятындағы Абайдың мәңгілік орнын көрсетіп, оның өсиетінің бүгінгі қоғам үшін маңызын ерекше атап өтті.

— Абай — қазақтың ғана емес, күллі түркі жұртының рухани темірқазығы. Оның әр өлеңі — тағылым, әр қара сөзі — өмір мектебі. Біздің ұрпақ Абайдың мұрасын жаттап қана қоймай, оны өмірлік қағидасына айналдыруы керек. Себебі Абай айтқан «Толық адам» ілімі — тек өткеннің емес, бүгінгі және болашақтың да бағдаршамы. Абайдың ең ұлы мұрасы — ұлтты ұйыстыратын және әрбір адамның рухын асқақтататын құндылықтар. Ол «Адам баласы адам баласынан ақыл,

ғылым, ар, мінезбен озады» деп айтты. Бұл — ғасырлар өтсе де мәнін жоймайтыны ақиқат. ALQA BILIM академиясының миссиясы — дәл осы рухани қазынаны ұрпақтың бойына сіңіру. Біз балаға тек білім беріп қана қоймай, оның бойына ұлттық болмыс, ізгілік пен мәдениетті қалыптастыруды мақсат етеміз. Әр баланың жүрегінде от, көкірегінде сәуле, сөзінде мағына болсын деп еңбек етеміз. Бүгінгі ашылу салтанатына келгендеріңіз үшін баршаңызға алғыс айтамын. Бұл тек бір орталықтың ашылуы емес, бұл — қаланың рухани тынысының жаңаруы, болашаққа салынған алтын көпір. Біз бірге болсақ, талай асуды бағындырамыз деп сенемін», — деді Саят Баймұратұлы.

Салтанатты кеште этнопедагог Нұрболат Кәрібай Абай ілімінің тәрбиелік мәніне тоқталып, адам болмысы жайында дәріс оқыды.

— Абай Құнанбайұлының айтқан ой даналығын жүрекке сіңіріп, бойдан өткізіп барып менгеруіміз керек. Танимыз, оқимыз, бірақ іске асырмаймыз. Ұлы ақын айтқан ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек бір болмыста болуы керек. Алдымен ақылмызды шындаймыз, ол — рационализм. Ғылым, білімді оқып-тоқисақ суық ақылға жетеміз. Бірақ оның өзі ғұлымдық тудыруы мүмкін.



Сондықтан оған жылы жүректі, яғни мейірім мен махаббат қосылып, өндіріп жасап шыққан дүниені қайратпен жүзеге асырамыз. Сол сияқты Абай атамыздың шығармаларын, өлеңдерін де осылайша талдауымыз керек. Егер адамның жүрек көзі ашылатын болса, кеудемізге ғайыптан сәуле келіп түседі. Сонда ғана адамның кеудесі хикметке, даналыққа толы болады. ХХ ғасырға дейін медреседе сабақ үш модуль бойынша өтті: арабия, шарғия, хикамия. Арабия — тілдер (араб, парсы, шағатай, түркі), шарғия — шариғат ілімі, яғни заңдылықтар, хикамия — даналық үйрететін сабақтар. Бізге қазір соңғысы жетпей жатыр, — деді Нұрболат Кәрібай.

Іс-шарада Абай Құнанбайұлының өлеңдері оқылып, оқушыларға талдап түсіндірілді. Одан бөлек, ALQA BILIM академиясының мүшелері ойшыл туралы білгендерін жас ұрпаққа кесіліп айтып берді. Соның бірі — Манарбек Ералы. Ол жиылған қонақтарға Абай атамыздың ел ісіне енді араласуынан бастап, өмірінің соңына дейінгі хикметтік сөздерінен мысалдар келтірді.

— Егер адам ақымақ болса, өмір сүру өте жеңіл екен. Ал Абай атамыз жеңіл өмір сүрмеді. Жастайынан әкесінің қасында жүріп ел басқару ісіне араласты. Бір мысал айтайын. Ілгеріде Қареке руының адамдары Тобықтының 5 үйір жылқысын барымталап кетіп, мойындамай қояды.

Сонда Абайдың әкесі Құнанбай қасына өзі сенген 40 жігітті, Абайды ертіп Қарекенің ауылына аттанады. Ал қарекеліктер аузы дуалы Қабан атты ақсақалын шығарып, ұрлықты мойындамауды сұрайды екен. Екі рудың адамдары бұл мәселені ауыл басындағы қырға барып шешпек болады. Сонда Қабан ақсақал: «Қүнеке, желелеген жалғыз жылқы сіздікі емес, желпілген тақым жалғыз біздікі емес, көрген көз жоқ, басқан із жоқ. Айып кімнен?» депті мойындамай. Сол кезде қаперсіз отырған Абайға әкесі ту сыртынан қарап, жауап бер дегендей көз тастапты. Жұлып алғандай орнынан атып тұрған Абай: «Биеке, желелеген жалғыз жылқы біздікі емес, желпілген тақым жалғыз сіздікі емес. Тай мініп, түйе жетектеген әр елде бар. Бірақ Қарауңгірдің бойымен жылқы қуып, қан сорпа қылған қай елде бар. Көрген Тобықты аз болса, Құдай көріп тұр емес пе?» дейді. Бала сөйлейді деп ойламаған ақсақал: «Тобықтының үлкені тұрып, кішісі сөйлейді екен-ау» деседі, Абай тұрып: «Мен дау айтам, үлкенім жөн айтады. Сіз дауыңызды өзіңіз айтып отырсыз, жөніңізді кім айтады?» деген екен. Осы сөзден кейін ақсақал жігіттеріне қарап, жылқылардың басын бастай, тұяғын тұяқтай қып қайтаруды бұйырпты, — деп даналық сөздерін айтты Манарбек Ералы.

«Жан» театрының өртістері сахналық қойылым ұсынып, бүлдіршілер ақынның өлеңдерін жатқа оқыды. Сондай-ақ орталықтың жас өнерпаздары Абай өңдерін түрлі ұлттық аспапта орындап, көрерменді өткен ғасырдың рухына жетеледі. Мерекелік шара аясында балалар мен ересектерге арналған кітап жәрмеңкесі ұйымдастырылып, рухани қазынаға толы туындылар ұсынылды. Өнерпаздарда алғысхаттар табыс етілді. Кеш соңында қала тұрғындары мен ата-аналар орталық ұжымына жылы лебіздерін білдіріп, жаңа филиалдың табысты болуын тіледі.

Астана-Семей-Астана

АЙМАҚ

МЕЖЕ

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАР
ЖАН ЖАДЫРАТАДЫ



Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев Меркі және Шу аудандарына жұмыс сапарымен барды. Сапары аясында аймақ басшысы ауыл шаруашылығының даму барысымен танысып, бірқатар шаруашылықты аралады. Сондай-ақ туристік және энергетикалық инфрақұрылым нысандарын тексерді.

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Аймақ басшысы әуелі Меркі ауданының аграрлық секторындағы ағымдағы көрсеткіштерімен танысты. 2025 жылдың бірінші жартысының қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 7,2 млрд теңгені құраған. Жалпы, егіс алқабы 103,5 мың гектарға жетіп, оның ішінде 7,53 мың гектар алқапта су үнемдеу технологиялары енгізілген. Жарты-жылдықта агроөнеркәсіптік кешенге 1,94 млрд теңге инвестиция тартылған.

Қазір аудан шаруашылықтарында 1171 дана ауыл шаруашылығы техникасы бар екен. Жыл соңына дейін техниканың 5,5%-ын жаңарту жоспарланып отырған көрінеді.

Ауданның ауыл шаруашылығы саласындағы ахуалмен танысу барысында облыс әкімі «Сыпатай батыр» шаруа қожалығына барды. Мұнда 2016 жылдан бері элиталық және репродукциялық тұқымдар өсіріледі. Бұл — облыстағы жалғыз элиталық тұқым шаруашылығы мәртебесіне ие кәсіпорын. Қожалықта 150 адам жұмыс істейді. 2025 жылы мұнда 246 гектар жерге «Арна» сұрыпты жаздық арпа, 643 гектарға «Стекловидный-24» сұрыпты күздік бидай себілген.

Облыс әкімі мұндай шаруашылықтардың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өнімділікті арттыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Сонымен қатар тиісті сала мекемелеріне қажетті қолдау көрсетуді тапсырды.

Сұрат ауылдық округінде облыс әкімі «Қайсар» шаруа қожалығы жүзеге асырып жатқан 450 бас малға арналған сүт-тауарлы ферманың құрылыс барысын тексерді. Жобаның құны — 2,5 млрд теңге. Өндірістік қуаттылығы тәулігіне 12 000 литр сүт өндіруге жетеді. Құрылыс кезеңінде 30 адам еңбекпен қамтылса, іске қосылған соң 30 тұрақты жұмыс орны ашылмақ. Нысанды осы жылдың күзіне дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Ал «Береке Дас» шаруа қожалығы жеміс ағаштарының элиталық көшеттерін өсіруге маманданған. 35 гектар аумаққа жоғары өнімді алма ағаштарының сұрыптары отырғызылған. Жоспарлы жұмыстың нәтижесінде 2024 жылы 300 тонна өнім жиналған.

Сонымен қатар өңір басшысы Royal Petrol брендінің Ақтоған және Жамбыл ауылдық округтерінде іске асырып жатқан екі жанармай құю бекетінің құрылысымен танысты. Жобаның жалпы құны 1,7 млрд теңгені құрайды. Инвестициялық жоба аясында жол бойындағы қызмет көрсету нысандарын — қоңақүй, кафе және жайлы инфрақұрылым салу көзделген. Құрылысты биылғы жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған.

Ербол Қарашөкеев сондай-ақ туристік демалыс аймағының құрылыс алаңына барды. Құны 800 млн теңге болатын жоба жеке инвестордың қаржысы есебінен жүзеге асырылуда. Мұнда қосымша форель шаруашылығын, глэмпинг аумағын құру көзделген. Құрылыс кезеңінде 15 адам жұмыспен қамтылса, жоба іске қосылған соң 7 азамат тұрақты жұмысқа орналаспақ.

Өңір басшысы ауылдық жерлерде туризмді дамыту — экологиялық өндіріс пен этномәдени ерекшеліктерді біріктіре алатын перспективалы бағыт екенін атап өтті. Сондай-ақ демалыс орнына апаратын жол инфрақұрылымын жақсартуды тапсырды.

Келесі кезекте Ербол Қарашөкеев қуаттылығы 18 МВт болатын су электр стансасының құрылыс барысымен танысты. Аукымды жобаны «Тараз Гринпауэр Дженко» ЖШС жүзеге асыруда. Инвестиция көлемі — 14,8 млрд теңге. Облыс әкімі құрылыс жұмыстарының сапасы мен мерзімінің сақталуына ерекше назар аударып, жобаға қажетті қолдау көрсетілетінін жеткізді.

Жұмыс сапары қорытындысы бойынша облыс әкімі шаруа қожалықтарын қолдау шараларын белсенді жалғастыруды, құрылыс жұмыстарын уақыттылы аяқтауды, инвестиция тарту бойынша жұмысты күшейтуді тапсырды.

Облыс әкімінің іссапары әрі қарай Шу ауданында жалғасты. Аймақ басшысы әуелі аудан тұрғындарымен кездесіп, мәселелеріне құлақ түрді. Облыс әкімі аймақтың әлеуметтік-эко-

номикалық даму көрсеткіштеріне қысқаша тоқталып, алдағы мақсат-міндеттерді нақтылады. Ербол Қарашөкеев Шу ауданы өңірдегі әлеуметтік-экономикалық әлеуеті жоғары аудандардың бірі екенін, бұл аудан инвестиция тартуға, өнеркәсіпті дамытуға қолайлы жағдайларымен ерекшеленетінін атап өтті.

Қазір Шу ауданындағы Jibek joly арнайы экономикалық аймағында жұмыстар қарқын алған. Онда құны 791,0 млрд теңгені құрайтын 21 жоба жүзеге асып жатыр. Оның ішінде 4 кіші жоба іске қосылса, 5 жобаның құрылыстары жүргізілуде. Қалған 12 жоба бойынша жобалау жұмыстары әзірлену сатысында.

Сонымен қатар ауданда ауылдық елді мекендердің экономикалық өсіміне оң серпін беріп отырған «Ауыл аманаты» жобасы табысты жүзеге асуда. Жобаның 5 ауылдық округте 5 бағытын іске асыруға 4,5 млрд теңге қаржы бөлініп, оған 758 аула қамтылған.

Бұдан бөлек, қайтарылған жерлер есебінен және босалқы жер қорынан 7 елді мекенге жалпы көлемі 26 мың гектарды құрайтын маусымдық жайылымдық жер телімдері қосылып берілген.



Жиында Ербол Қарашөкеев жауаптыларға мемлекеттік қолдаудың қарапайым шаруаларға, тұрғындарға жетуі қажетін баса айтты. Сонымен қатар аудан әкімдігіне кәсіпкерлік саласын дамыту, инвесторларға қолайлы жағдай жасау міндетін қойды.

— Жергілікті жерде ірі кәсіпорындардың құрылуы халықтың тұрақты жұмыспен қамтылуына, аймақтың экономикалық дамуына серпіліс берері сөзсіз. Маңызды мәселе — инвесторлардың қызығушылығын арттыру, ауданның барлық мүмкіндігін көрсете отырып, оларға заңға сәйкес қолдау көрсету. Сондықтан халықты тұрақты жұмыспен қамтитын кәсіпорындардың құрылуын басты назарға алу маңызды, — деді облыс әкімі.

Жиында аудан әкімі мен орынбасарлары атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді. Сонымен қатар тұрғындар облыс басшысына өздерін толғандырған сауалдарын қойып, ұсыныстарымен бөлісті.

Қазір тұрғындар жиі көтеретін өзекті мәселелердің қатарында «Шу-Қайнар» автожолындағы аяқталмаған құрылыс жұмыстары, тұрмыстық қалдықтар мәселесі, жол мен жарықтың жайы, жайылымдық жер тапшылығы және әлеуметтік салаға қатысты түйткілдер бар.

— Мен Шу ауданындағы әлі күнге дейін шешімін күткен мәселелермен таныспын. Тұрғындар тарапынан әлеуметтік желіде көптеген өтініш түседі, — деген аймақ басшысы жауаптыларға көтерілген мәселелер бойынша шешім қабылдап, жұмыстарды жандандыруды тапсырды.

Жиын соңында облыс әкімі егін, мал шаруалығында жаңа әрі озық технологияларды енгізу жұмыстарын жандандыруды, «Ауыл аманаты» жобасының бесінші бағытына басымдық беріп, кәсіп ашу шараларын аудан тұрғындарына кеңінен насихаттауды, жас мамандарға, жастарға әлеуметтік қолдау көрсетуді, азық-түлік қауіпсіздігін және жанар-жағар май, сұйытылған газ

тапшылығын болдырмау мақсатында кәсіпкерлермен жүйелі жұмыс жүргізіп, бақылауға алуды тапсырды.

Ербол Шырақпайұлы Шу ауданына жұмыс сапары барысында Белбасар ауылындағы 100 орындық мәдениет үйінің ашылуына қатысты.

— Шу ауданы — таланттар бесігі. Бұл қасиетті өңірден мәдениет саласына елеулі үлес қосқан дарынды тұлғалар дүниеге келген. Олардың өмір жолы өскелең ұрпақты тәрбиелеуде ерекше маңызға ие. Шығармашылық мұрасы жас ұрпаққа үлгі болып, ұлттық мәдениеттің дамуына айтарлықтай ықпал етуде, — деді облыс әкімі.

Жаңа клубтың құрылысы «Ауыл — ел бесігі» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып, оны «Ник Тараз» ЖШС жүргізген. Жоба құны — 373 млн теңге. Нысанда 13 қызметкер жұмыс істейді. Мұнда ән, би, мәнерлеп оқу үйірмелері жұмыс істейді.

— Біздің ауылда осы уақытқа дейін мәдениет үйі болмаған еді. Міне, қазір заман талабына сай керемет нысан бой көтеріп, ауыл тұрғындары мен жастар бос уақытын тиімді пайдаланып, мәдени-танымдық іс-шараларға белсене қатысатын болды, — деді ауыл ақсақалы Естай Күнчашов.

Ал Шу қаласында Ербол Қарашөкеев «Женіс» саябағының күрделі жөндеу жұмыстарының барысын тексерді. Жаңғырту жұмыстары маусым айында басталған. Жоба аясында сахна, ойын және спорт алаңдарын салу, жарықтандыру, қоғалдандыру мен абаттандыру жұмыстары көзделген. Аймақ басшысы жұмыстардың сапасы мен мерзімін бақылауда ұстауды тапсырды.

Жұмыс сапарының аясында ат басын бұрған келесі нысан күніне 2 мыңнан астам жолаушыға қызмет көрсететін Шу теміржол вокзалы болды. Қазір вокзал ғимараты күрделі жөндеуден өтуде. Сонымен қатар іргелес аумақты абаттандыруға арналған жеке жоба дайындалған.

Облыс әкімі құрылыс мерзімінің қатаң сақталуын және орындалатын жұмыстардың сапасына ерекше көңіл бөлу керегін ескертті. Инфрақұрылымды жаңғырту азаматтардың қолайлылығы мен өңірдің транзиттік әлеуетін дамыту үшін аса маңызды екенін де атап өтті.

Сонымен қатар аймақ басшысы әлеуметтік сәлеліде тұрғындар тарапынан түскен өтініштерді зерделеу үшін қант зауыты маңындағы шағын аллеяға барды. Аталған аумақты аралаған Ербол Қарашөкеев саябақтың қазіргі жағдайы көңіл көншітпейтінін айтып, аудан басшылығына

қысқа мерзім ішінде нақты абаттандыру жобасын дайындап, жөндеу жұмыстарын бастауды тапсырды.

Сапары барысында аймақ басшысы Qyzylsha Zher ЖШС-на да барды. Шаруашылықта 3 277 гектарға қант қызылшасы, арпа, пияз және соя өсіріледі. Мұнда 50 адам жұмыс істейді. 150-ден астам ауыл шаруашылығы техникасы бар. Су үнемдеу технологиялары белсенді түрде енгізілуде. Облыс әкімі ауданда ірі жүгері өңдейтін зауыт салынып жатқанына назар аударып, дәнді дақылдың осы түріне басымдық берудің маңыздылығын жеткізді.

Жұмыс сапарының соңында аймақ басшысы Jibek joly арнайы экономикалық аймағында салынып жатқан жүгеріні терең өңдейтін зауыттың құрылыс алаңында болды. Мұндайғы жұмыстар 2025 жылдың сәуір айында басталған.

Жоба биоферментация саласындағы әлемдік көшбасшы Fufeng Group компаниясы тарапынан жүзеге асырылуда. Бұл кәсіпорын Орталық Азиядағы ең ірі зауыттардың біріне айналмақ. Жоспарланған қуаттылығы — жылына 500 мыңнан 1 миллион тоннаға дейін жүгері өңдеу. Кейін бұл көрсеткішті 3 миллион тоннаға дейін ұлғайту көзделіп отыр.

Ербол Қарашөкеев зауыттың іске қосылуы ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуді дамыту, өңірдің экспорттық әлеуетін кеңейту және заманауи агротехнологияларды енгізу жолындағы маңызды қадам болатынын атап өтті.

Бүгінде Jibek joly арнайы экономикалық аймағында жалпы құны 791 миллиард теңгені құрайтын 21 жоба тіркелген. Барлық қатысушыға жер телімдері бөлінген. 2026-2030 жылдары жобалар толық қуатында іске қосылғаннан кейін 5 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Ауданның инвестициялық тартымдылығын арттыру және инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында АЭА аумағын кеңейту жұмыстары жүргізілуде. Жыл соңына дейін аймақ 2 800 гектарға ұлғайтылмақ.

БӘРЕКЕЛДІ!

Жастар — ел ертеңінің айнасы, ұлт болашағының берік іргетасы. Олар білімді, саналы, тәрбиелі ғана емес, дені сау әрі салауатты өмір салтын ұстанған ұрпақ болып қалыптасқанда ғана мемлекет өркендеп, қоғам ілгері қарай қарышты қадам баспақ. Сол себепті еліміздің әр өңірінде бұл бағыттағы жұмыстарға айрықша мән берілуде. Соның айқын мысалы — Ақмола облысына қарасты Есіл ауданы. Мұнда соңғы үш жылда бірде-бір жасөспірім қылмысқа қатыспаған. Бұл — жай ғана құрғақ статистика емес, жүйелі, мақсатты әрі үйлесімді еңбектің, азаматтық жауапкершіліктің, сонымен қатар қоғам мен биліктің бірлесе атқарған табанды еңбегінің нәтижесі.

СПОРТ —
ТӘРБИЕНІҢ
ПӘРМЕНДІ ҚҰРАЛЫ



А Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Есiлде қалыптасқан үлгi — полиция мен спорт қауымдастығының, жергiлiктi билiк пен қоғамдық ұйымдардың өзара серiктестiгi арқылы жастарды қылмыс пен құқықбұзушылықтан қорғаудың тиiмдi тетiгi. Мұнда спорт — жай ғана денешынықтыру құралы ғана емес, ол мiнез қалыптастыратын, ерiк-жiгердi бекiтетiн, арманға жетелейтiн өмiр мектебi ретiнде қабылданады. Жастардың спортқа ден қоюы — олардың бос уақытын пайдалы iспен өткiзуге, темекi мен алкогольден, нашакорлықтан бойын аулақ ұстауына жол ашқан. Бұл үрлiс құқық қорғау органдарының назарын да өзiне аударып, ел iшiнде тыныштық пен қауiпсiздiктi сақтаудың тиiмдi амалдарының бiрiне айналыпты.

Таяуда Ақмола облыстық Полиция департаментiнiң басшылығы Есiл ауданының спорт жаттықтырушылары және жастарымен арнайы кездесу өткiздi. Бұл жиында елдегi заң үстемдiгi мен қоғамдық қауiпсiздiктi қамтамасыз етудi мақсат еткен «Заң және тәртiп» идеологиясы жан-жақты талқыланды. Спортшылар мен жаттықтырушылар тәжiрибелерiмен бөлiсiп, жастарды ынталандыратын үлгiлiк жаттығулар көрсеттi. Полиция өкiлдерi қылмысқа қарсы iс-қимылдың тек құқық қорғау органдарының емес, бүкiл қоғамның ортақ мiндетi екенiн атап өттi.

— Полиция мен спорт қоғамдастығы арасындағы серiктестiк — бұл тек алдын алу шаралары ғана емес, ұлттық қауiпсiздiктi нығайтудың пәрмендi құралы. Еркiн ойлы, спортқа құштар жастар — қоғам тыныштығының кепiлi, — дейдi Ақмола облысы Полиция департаментiнiң ресми өкiлi Гүлнәр Пинчук.

Ақмола өнiрi — «Зиялы қауым» бағдарламасын тиiмдi жүзеге асырып келе жатқан санаулы аймақтардың бiрi. Бұл жоба мұғалiмдердi, спортшыларды, мәдениет қайраткерлерiн, ардагерлердi — жастар тәрбиесiне жұмылдырып отыр. Есiл ауданында да ата-аналар, ұстаздар және спорт жаттықтырушылары күш бiрiктiрiп, жасөспiрiмдердi терiс әдеттерден, құқықбұзушылықтан алшақ ұстауға барынша атсалысып келедi.

Кездесуге жекпе-жекпен әлем чемпионы, ел намысын талай дүбiрлi додаларда асқақатқан Илдiс Бiрiмжанов арнайы келiп, өзiнiң өмiрлiк тәжiрибесiмен бөлiстi. Ол спорттың адамға тек физикалық дайындық қана бермей, мiнездi шындайтынын, жауапкершiлiк пен тәртiпке баулитынын атап өттi.

Бүгiнде Есiл ауданында үштен астам заманауи спорт кешенi жұмыс iстейдi. Бұл — жастардың бос уақытын тиiмдi өткiзуге, денсаулығын нығайтуына және қоғамға пайдалы ортаға тартылуына зор мүмкiндiк.

Сонымен бiрге полиция бастамасымен «Заң елшiлерi» атты жоба iске қосылған. Мұнда жас спортшылар өз қатарластарына үлгi болып, заң мен тәртiпке құрметтi насихаттайды.

Кездесу барысында бұрын қолға алынбаған бiрқатар тiң бастама да көтерiлдi. Атап айтқанда, тәуекел тобындағы жасөспiрiмдерге арналған спорттық турнирлер, ювеналды полиция инспекторлары өткiзетiн шеберлiк сабақтары, «Төлiмгер» бағдарламасы негiзiнде тәжiрибелi спортшылардың қиын жағдайда жүрген жасөспiрiмдерге қамқор болуы сияқты iзгi шаралар ұйымдастырылатын болды. Бұл шаралар тек спорттық дағдыларды дамытып қана қоймай, жастардың өмiрлiк бағытын дұрыс қалыптастыруға және құқықбұзушылықтың алдын алуға ықпал етпек.

iс-шара соңында iшкi iстер органдары мен спорт ұйымдары арасында «Заң және тәртiп» қағидасы аясында тұрақты ынтымақтастық туралы келiсiм жасалды. Өнiрде спортты дамытуға және құқықбұзушылықтың алдын алуға қосқан үлесi үшін бiрқатар жаттықтырушы мен белсендi жас спортшылар марапатталды.

Есiлдiң тәжiрибесi — қылмысқа қарсы күресте қоғам мен билiктiң бiрлесе әрекет етуiнiң жарқын үлгiсi. Бұл тәсiл адам саудасы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, экстремизм, сыбайлас жемқорлық, нашакорлық және браконьерлiк сияқты аса қауiптi қылмыстардың алдын алуда да тиiмдiлiгi зор.

Театр – сырт көзге сиқырлы көрінетін әлем. Бірақ сол сиқырдың артында жанкешті еңбек, ұдайы ізденіс пен рухани күрес жатыр. Кейіпкерлердің тағдырын арқалап, әр көрерменнің жүрегіне жол табу – актерге тән үлкен жауапкершілік. Өнер мен өмірдің шекарасында жүрген жас актер Заңғар Әбеновпен сұхбат барысында біз сахна сырын ғана емес, актерлік жолдың қиындығы мен қызығын, ішкі жан дүниенің терең иірімдерін ашуға тырыстық.

Заңғар ӘБЕНОВ, актер:

АКТЕРЛІК ҮЛКЕН САБЫРДЫ ТАЛАП ЕТЕДІ

— Бала кезіңізде актер болуды армандадыңыз ба, әлде бұл мамандыққа кездейсоқ келдіңіз бе?

— Иә, актерлік жолға деген әуестігім бала кезден басталды деуге болады. 9-сыныптан бастап актерлікке қызығушылығым артып, мектеп президенті болғандықтан, өзім актерлік үйірме ашып, басқа да балаларды шақырып, бәріміз бірге пьесалар, спектакльдер қоятынбыз. Сол ай басталды. Содан бастап актер болуға дайындалып жүрдім. Т.Жүргенов атындағы өнер академиясына түсемін деп ниеттенгенмін. Бірақ бұйырғаны сол шығар — «Шабыт» өнер университетінің студенті атандым.

— Репертуарыңызда рөлдер аз емес. Өзіңізге ең жақыны қайсы?

— Әр рөлім қымбат. Алайда көбіне жағымсыз кейіпкерлерді сомдаймын, өзіме ондай рөлдер ұнайды. Спектакльдердің

мын. Жаман кейіпкер болса, жақсы жағын іздеймін, соған өзім мінез беремін. Әрі соған өзім сенуге тырысамын. Алдымен ішкі жан дүниесіне үніліп, содан кейін сыртқы келбетін, іс-әрекетін құрауға кірісемін. Ең бастысы — сол кейіпкердің спектакльдегі орны мен миссиясы қандай екенін түсіну.

— Жас актер ретінде өзіңізге үлгі тұтатын аға буын өкілдері бар ма?

— Әрине, үлгі тұтатын адам көп. Соның ішінде атап айтсам — Тілектес Мейрамов, Ақыш Омар, Сырым Қашқабаев ағаларымыз. Осы кісілерге еліктеп, жасыратыны

етене ендім. Бұл менің өмірімнің әр кезеңінде өз септігін тигізеді. Қай салаға барсам да, киноға барсам да — мендегі үлкен бір «қор» болып қала береді. Театр — үнемі сергек жүруге, ізденіске жетелейтін орта.

— Алдағы уақытта қандай рөлдерді сомдағыңыз келеді?

— Армандап жүрген нақты бір рөлім жоқ. Бірақ жоғарыда айтқандай, бір спектакльде кем дегенде үш рөлді ойнайтын кейіпкер болса деген арманым бар. Өзіме сондай рөлдер ұнайды. Әртүрлі мінезді, пластикасы да өзгеше кейіпкерлер болғанын қалаймын.

“**Мамандығымыздың ең қызық, ұнамды тұсы — бір образда, бір позицияда қалып кетпейсің. Үнемі ізденіс үстінде жүресің. Бір күні құлдың рөлін сомдап, ертесіне хан боласың. Театр — сондай сан қилы бұрылыстарымен, жоқтан бар жасайтын сәттерімен қызық.**”



жоқ, әрбірінің өнерін үзбей қарап, көшіруге, қолдан келсе, ұрлауға тырысамыз. Олар — арамызда жүрген аңыздар.

— Актерлік мамандықтың ең қиыны және ең қызық тұсы қандай?

— Актерлік жол — сокпағы көп, үлкен сабырлықты талап ететін жол. Уақыт тапшылығы да қиындық тудырады. Демалыс күндері де жұмыс істейтіндіктен, кейде жеке өмірге, отбасымызға уақыт таппай жатамыз.

Ал мамандығымыздың ең қызық, ұнамды тұсы — бір образда, бір позицияда қалып кетпейсің. Үнемі ізденіс үстінде жүресің. Бір күні құлдың рөлін сомдап, ертесіне хан боласың. Театр — сондай сан қилы бұрылыстарымен, жоқтан бар жасайтын сәттерімен қызық.

— Театр сізге не үйретті? Өміріңізге қандай өзгеріс әкелді?

— Театр маған көп сабақ үйретті. Мысалы, тарихи шығармаларды сомдау арқылы тарихымызды тереңірек біле бастадым. Әр кейіпкерді зерттеу барысында түрлі салаға

— Актерлердің әлеуметтік жағдайы туралы не айтасыз? Қандай қолдау жетіспейді?

— Бұл көбіне актердің өзіне байланысты деп ойлаймын. Қазір жан-жақты актерлер бар. Бір театрда жұмыс істеп қана қоймай, кино, дубляж, тіпті той саласын қатар алып жүретіндер де кездеседі. Ізденсе, жол көп. Қазір мемлекет тарапынан да түрлі қолдау көрсетіліп жатыр. Көп әріптесіміз пәтер алып жатыр. Шын зәру жандарға бұйырсын дейміз, шүкір, жаман деуге келмейді.

— Бұған дейін Ш.Қуанәлінің «Фотограф» атты қысқаметражды фильміне түстіңіз. Енді сізді үлкен кинолардан қашан көреміз?

— Былтыр толықметражды «Айғай-шу» атты криминалды комедияға түстім. Сонымен қатар «12 сағат» атты криминалды драмада жағымсыз кейіпкер рөлін сомдадым. Қазір театрға аз да болса еңбегім сіңді деп ойлаймын, енді киноға біртіндеп бет бұрып жатырмын. Ұсыныстар түссе — дайынмын.

— Өнер жолын енді ғана бастаған жастарға қандай кеңес берер едіңіз?

— Жас актерлер алдымен өз-өзіне сұрақ қойғаны жөн: «Мен театр актері болғым келе ме, әлде кино актері ме?» деп. Мысалы, егер кино актері болғыңыз келсе, оқудың қажеті жоқ шығар — әлеуметтік желіде белсенді болып, танымал болуға болады. Ал театр актері болам десеніз, онда кәсібилік пен оқу міндетті. Сонымен қатар театр актері боламын деген жандарға айтарым — болаттай берік болу керек. Түрлі режиссермен жұмыс істеу барысында сынға да ұшырайсыз. Сондай сәттерде мықты болу қажет. Үнемі ізденісте, сергек болуға кеңес беремін.

— Өңіріміңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Рахат ТОКСАНБАЙ,
ЕҰУ студенті

ЖАСТАРДЫ ЖІГЕРЛЕНДІРГЕН «АУЫЛ LIFE»

Халықаралық жастар күніне орай 7-8 тамыз күндері Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданында «Ауыл LIFE» облыстық жобасы аясында бірқатар іс-шара өтті. Жобаның алғашқы күнінде облыс әкімінің орынбасары Қайыржан Меңдіғалиев облыс және ауданның белсенді жастарымен кездесті. Кездесуге аудан әкімінің орынбасары Серік Қайырлиев, облыстық қоғамдық даму басқармасының бөлім басшысы Мирфат Бисекенов, облыстық жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығының директоры Аңсар Ибраев, «Ауыл LIFE» жобасының қатысушылары мен ауданның белсенді жастары қатысты.



Кездесу барысында облыс әкімінің орынбасары жастармен ашық пікір алмасып, олардың ой-пікірлері мен ұсыныстарын тыңдап, жас буын ауыл жастарының әлеуметтік белсенділігі, жұмысқа орналасу, бос уақытты тиімді пайдалану туралы ой қозғады.

— Кездесуде көтерілген ойлар мен ұсыныстар ауыл жастарының қоғам өміріне белсенді араласуға дайын екенін көрсетеді. Біз сіздердің жұмысқа орналасу, білім алу және бос уақытты тиімді пайдалану бағытындағы бастамаларыңызды қолдауға мүдделіміз. Әрқайсысыңыздың идеяңыз — ауылдың, өңірдің дамуына қосылған үлес. Ең бастысы — алға қойған максаттарыңыздан таймай, жана мүмкіндіктерді пайдалана білу. Сіздерге әрдайым сенім артамыз және бірге жұмыс істеуге дайынбыз, — деген Қайыржан Ермекұлы жастардың белсенділігіне оң бағасын берді.

Жиын барысында БҚО әкімінің орынбасары Қайыржан Меңдіғалиев жастар арасындағы белсенді азаматтарды атап өтіп, өз атынан алғысхаттармен марапаттады. Құрметке ие болғандар қатарында қайырымдылық шараларына белсене қатысып жүрген ерікті, жас кәсіпкер Дана Ермұханова, жиһаз цехын дамытып отырған кәсіпкер, мешенат Ербол Аяпов, құс шаруашылығын жолға қойып, мемлекеттік грант иегері атанған Манас Асылханұлы және тәртіп сақшысы, полиция қызметкері Оразғали Оразымбетов бар.

«Ауыл LIFE» жобасы аясында белгілі шаштараз Берік Қайырша «Қайшыдағы креатив», SMM маман, блогер Әдемі Жарасова «Біздің әлем», блогер, колөнер шебері Даражат Хапарова «Балаларымызды бүгіннен дамытайық» тақырыбында шеберлік сағаттарын өткізді. Сонымен қатар жоба қатысушылары аудандық тарихи-өлкетану музейімен және аудандық орталықтандырылған кітапханамен танысты. Ал 8 тамыз күні жоба қатысушылары өзара бақ сынап, ұлттық құндылықтарымыз бен ауыл тіршілігін дәріптеді. «Сауып ішкеннің дәмі бөлек» бөлімінде қыздар сиыр сауу шеберліктерін көрсетіп, ауыл тұрмысының маңызды дағдыларын паш етсе, «Кастерлі кәсіп» бөлімінде жігіттер қой союдың дәстүрлі әдістерін көрсетіп, етті мүшелеу мен өңдеудің қыр-сырын таныстырды. Келесі бөлімде арулар ұлттық тағамдарды дайындап, дәмі тіл үйірет ас мәзірін ұсынды. Ал «Бірлік күш береді» бөлімінде арқан тартысып, командалық ойын арқылы қатысушылар бірлік пен күштің маңызын көрсетті. «Ат — ер қанаты» демекші, жігіттер атқа құрық салу шеберліктерін көрсетіп, атқа мінудің әдістерін таныстырса, қыздар «Ауылдың ақ дәмі» деп құрт дайындаудың дәстүрлі тәсілдерін көрсетіп, тағамның маңызын түсіндірді. Жігіттер қой көтеру арқылы күш пен төзімділіктерін сынаса, қыз-келіншектер ұршық иіру арқылы колөнердің нәзік тұстарын көрсете білді. Ләнгі тебу арқылы жігіттер ептілік пен шапшаңдықтары бойынша сынға түсті.

Тартысты өткен жарыста I орынды «Қосөзен» командасы иеленсе, II орынды «Жарқыра» командасы, III орынды «Рух» командасы қанжығаға байлады.

Жобаның жабылу салтанатына қатысқан аудан әкімінің орынбасары Серік Қайырлиев жоба ұйымдастырушылары мен қатысушыларға ризашылығын білдірді.

— Сіздердің еңбектеріңіз ауыл өміріне серпін беріп, жана идеялардың жүзеге асуына жол ашты. Осындай жобалар арқылы ауылшымыздың әлеуеті артып, жастарымыздың болашағы жарқын боларына сенімдімін. Бірлесіп еңбек етіп, жана жетістіктерге жете берейік! — деген аудан әкімінің орынбасары әлемдік аренадарда ел Туын биікте желбіретіп жүрген, самбо және дзюдо спорт түрлерінен халықаралық деңгейдегі спорт шебері, Әлем және Азия чемпионы, Қазақстанның бірнеше дүркін жеңімпазы Нұрбол Серіковке жерлестері атынан тұлпар мінгізді.

Айта кетейік, жоба Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қоғамдық даму басқармасының, Казталов ауданы әкімдігінің қолдауымен, Замап жастар қоғамдық бірлестігі және аудандық жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығының ұйымдастыруымен жүзеге асты.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы



АIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаан АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербәкіт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4628

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,